# SARYARQA

16 sáýir 2021 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№14 (8226)



AINA
ҒАЛЫМ ЕСІМІ – МӘҢГІ ЕСТЕ
3-бет

KELBET
ЖАҢАРҒАН ӨҢІРДІҢ ШЕЖІРЕШІСІ
4-бет

TIRSHILIK
САЯЖАЙДЫ ӨРТ ШАЛМАСЫН
7-бет

ÁR TARAPTAN
ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ҰЙЫМДАРЫ НАЗАРЫНА!
8-бет


## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ ТҮСІНДІРІЛДІ

***ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Нұрлан Шабдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру барысына кешенді мониторинг жүргізу үшін Жезқазған-Ұлытау аймағына жұмыс сапарымен келді.***



Агенттік төрағасының орынбасары мысты қаладағы «Өркен» мамандандырылған мектебі мен «Жарқын ақыл» білім орталығына атбасын бұрып, қалалық әкімдік ғимаратының бірінші қабатында орналасқан «Open Space» кабинетінің жұмысымен танысты. Сондай-ақ, «ZOOM» платфоормасы арқылы жергілікті тұрғындардың өтініш-тілектеріне құлақ асты.

2017 жылы облыс әкімдігінің қолдауымен ашылған «Өркен» мектебінің бүгінгі тыныс-тіршілігін мектеп директоры Әлия Бәжібаева таныстырды.

– Мектептің негізгі міндеті – өңіріміздің дарынды ұрпақтарының жан-жақты білім алуы мен тәрбиесіне қолжетімділікті қамтамасыз ету, ақылды, рухани дамыған, табысты азаматты қалыптастыру. Мектеп жаратылыстану және математика бағытындағы жалпы білім беретін мамандандырылған бағдарламаларды іске асыруды ұйымдастырады. 900 оқушыға шақталған мектептің оқыту тілі – қазақ тілі. Қазіргі уақытта бізде 449 шәкірт білім алуда. Оның ішінде Сәтбаев қаласынан – 42 оқушы, Ұлытау ауданынан – 24 оқушы, Жаңаарқа ауданынан – 9 оқушы, қалған 374-і Жезқазғаннан, – деп атап өтті Әлия Сүйелменқызы.

Білім ошағының педагогтік құрамы, оқушылардың тамақтануы мен спортпен шұғылдануы жайындағы сұрақтарына тұщымды жауап алған Нұрлан Шабдар ашық әкімдік қызметімен танысып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның отырысын өткізді. Көпшілік назарына Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы» заңының жаңашылдықтарын жеткізген төраға орынбасары 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының іске асырылуы туралы да кеңінен тарқатты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылға бағытталған жұмысты жақсарту, халық арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, алдын алу шараларын күшейту қажеттігін алға тартқан ол бюджет қаражатын тиімді, ұтымды пайдалануға да ерекше назар аудартты.

Азаматтарды қабылдау барысында Нұрлан Шабдарға жер телімдерін бөлуге, жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге қатысты сұрақтар жолданды.

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

## ЖАУАПТЫЛАРҒА МІНДЕТ ЖҮКТЕЛДІ

***Қайрат Әбсаттаровтың қатысуымен өткен аппарат отырысына әкім орынбасарлары, селолық округ әкімдері мен бірқатар мемлекеттік мекеме, кәсіпорын басшылары қашықтан қосылды.***

Аппарат отырысының күн тәртібіне шығарылған алғашқы мәселе қала ішіндегі жолдарды жөндеу бойынша қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов есеп берді.

– 2021 жылы облыстық бюджеттен қаланың сегіз көшесін орташа жөндеуге 1 млрд теңге бөлінді. Асылбеков, Аманжолов, Анарқұлов, Әуезов, Жанасов, Смайлов,Түсіпбеков пен Шевченко көшелеріндегі жолдарды жөндеу жөнінде жарияланған мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындысы 30 сәуірде белгілі болмақ. Жергілікті бюджеттен қарастырылған 287 млн теңгеге 4, 5, 6-шағын ауданның аулаішілік жолдарын жөндеу жоспарланған. Биыл қала бойынша жалпы ұзындығы 9,9 шақырым жол жөндеуден өтеді. Ағымдағы жөндеуге 60 млн теңге бөлінген. «АрмСтрой» ЖШС ауданы 16 мың шаршы метр болатын жолдың шұңқырларын жамайды, – деген баяндамашы 2020 жылы орташа жөндеуі аяқталмаған Пирогов пен Құрманбаев көшесінде мердігерлер жұмысты жалғастырады деп сендірді.

Карантинді сылтау еткен мердігерлердің жұмысы тиісті деңгейде бақыланбады деген тұжырым жасаған Қайрат Бектайұлы тұрғын-үй коммуналдық шарушалығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі мен қалалық құрылыс бөлімінің жұмысын қанағаттанарлықсыз деп бағалап, ТҮКШ, АЖ және ЖК бөлімінің басшысы Ержан Есетов пен құрылыс бөлімі басшысының міндетін атқарушы Гүлназия Таджиеваға сөгіс жариялады.

Мінберге көтерілген Жезқазған қаласы мемлекеттік қызметтер сапасын мониторингтеу және ақпараттық технологияларды дамыту бөлімінің басшысы Ольга Мокеева мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі бойынша ақпар ұсынды. 2021 жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік тізілімге енгізілген мемлекеттік қызметтердің 48 түрі бойынша барлығы 4217 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Әкімдіктің бірінші қабатында орналасқан «Open Space» кабинеті арқылы барлығы 820 қызмет алынған. Электронды форматта көрсетілген мемлекеттік қызмет саны өткен жылмен салыстырғанда 1,6 есеге артқан. Қазіргі таңда 38 мың қала тұрғынында электронды цифрлық қолтаңба барын жеткізген Ольга Мокееваға Жезқазғанның көшелеріндегі бейнебақылау камералары бойынша толық мәлімет ұсыну тапсырылды. Қазіргі таңда қалада барлығы 237 бейнебақылау камерасы бар. Биыл олардың саны тағы 92 камераға артпақ. Сонымен бірге, тамызда орнатылатын 10 бейнебақылау камерасы жолда жүру жылдамдығын арттырған жүргізушілерді анықтайды деп жоспарланған.



Келесі болып сөз алған жұмыспен қамту орталығының директоры Абай Әзімбаев «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының жүзеге асуын өз баяндамасына арқау етті. Халықты нәтижелі жұмыспен қамту, адамдардың тұрмыстық жағдайын жақсарту, жұмыссыздар санын азайтуды мақсат еткен «Еңбек» бағдарламасы бізде үш бағытта іске асырылуда. Олар: техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтамасыз ету, жаппай кәсіпкерлікті дамыту, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту. Алғашқы бағыт бойынша 2020 жылы жоспарланған 38 тұрғынның орнына 70 адамды оқытып, оның 68-ін тұрақты жұмыспен қамтыған орталықтың биылғы жылға межелеген 38 тұрғынының 10-ы бүгінде шаштараз мамандығы бойынша оқуды бастап кеткен. Екінші бағытта жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін жұмыссыз жүргендерге өз ісін ашуға қайтарымсыз грант беру қарастырылған. Өткен жылы 177 жезқазғандық грант алса, биыл 130 грантқа 75 842,0 мың теңге бөлінді. Жыл басынан 26 тұрғын грантқа ие болған. Жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік беріп отырған «Еңбек» бағдарламасының үшінші бағыты бойынша 2021 жылы 2486 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған. Ол үшін қоғамдық және әлеуметтік жұмыс орындары құрылып, жастар практикасы жүзеге асырылуда.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ТҰЛҒА

## ӘЛИХАН – ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ САЯСАТКЕР

***Ресейлік ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Виктор Козодой қазақтың біртуар ұлы туралы «Әлихан Бөкейхан. Дәуір аясындағы саяси портрет» (түпнұсқа атауы – «Алихан Букейханов. Политический портрет на фоне эпохи») атты кітап жазып жатыр. «Алаш» көсеміне шетелдік зерттеушінің көзімен қарап көрмекке бел буып, ғалымды аз-кем сөзге тарттық.***

***– Әлиханға қалай келдіңіз? Неге дәл осы тұлғаны таңдадыңыз?***

– Шынында, мен тарихшы ретінде тарихтағы төңкеріс, қайта құру сияқты бетбұрыс кезеңдерді ширек ғасырдан аса уақыт бойы зерттеп келемін. Соңғы бірнеше жыл ішінде Сібірдегі революция және Азамат соғысы, Сібір автономиясы, Уақытша Сібір үкіметі, 1917-1920 жылдардағы жағдай тақырыбын зерттеумен айналысамын. Бір кезде Алаш, Алашорда сияқты маңызды құбылыстарды зерттеп түсінбей, жоғарыда аталған тақырыпты ашуға болмайтынын ұғындым. Алаш пен Алашорда болғандықтан, әрине көсем Ә.Бөкейханның рөлін түсінбей болмайды. 2019 жылы қажетті материалдарды жинай бастадым, бұған халықаралық білім алмасу бағдарламасымен Павлодарға баруым себепші болды. Студенттерге дәріс оқыдым, облыстық кітапханада жұмыс істеуге мүмкіндік туды. Кітапханада көптеген мәліметтермен қаныктым, соңында маған Ә. Бөкейханның өмірбаяны туралы кітап жазу идеясы ойға келді. Оның үстіне Ресейде Әлихан туралы бірде-бір кітап, монография жарық көрмеген, сондықтан менің жұмысым белгілі бір деңгейде осы олқылықтың орнын толтыра алады. Сол уақыт аралығында Алматы, Семей, Павлодар, Томск, Омбы, Самара, Орынбор, Новосібір архивтерінде жұмыс істедім. Әлихан – ең алдымен Қазақстанның көрнекті саяси қайраткері, бірақ өз жұмысымда оның бір елдің ғана емес, сол дәуірдегі жалпы империялық, жалпыұлттық деңгейдегі саясаткер екенін көрсетемін.

Тағы бір қызықтыратын дүние, Ресей империясының тұсында қаншама жүздеген халық тұрып жатты. Бірақ революция болған кезде барлық халық бірдей автономия құрып кете алған жоқ. Қазақ халқының қолынан келді. «Бұл қалай болды? Оған не әсер етті?», деген сұрақтар зерттеуге итермеледі. Ал мұны білу үшін әлбетте «Алаш» автономиясының басындағы Әлиханды толық тану керек.

***– Әлиханның өмірін зерттеуде жолыңыздың болғанын жеткізіпсіз. Ашып айтыңызшы?***

– Иә, менің ойымша, Әлихан Бөкейхан сияқты ірі, көрнекті саяси қайраткердің өмірбаянын оқып, зерттеу мүмкіндігіне ие болғаным үшін өзімді бақытты адам деп санаймын. Ә.Бөкейханның өмір тарихы – қазақ даласындағы қарапайым ауылдан шыққан ұлдың текті тұқымнан, Шыңғыс ханның ұрпағы болғанымен, асып-тасқан бай отбасынан емес, талмай еңбектеніп, тарихтағы терең із және үлкен идеялық мұра қалдырып, халқы мойындаған ұлт көшбасшысына айналуы туралы әңгіме. Оның тарихтағы рөлі әлі лайықты деңгейде толық бағаланған жоқ. Кейіпкерімнің маңызды жетістіктерінің бірі, Әлихан 1917 жылы желтоқсандағы конгресстің құрылуы туралы шешімдерге кейін нақты арқау болған Қазақстанның тұтастығын айқындау сияқты маңызды мәселеде ғылыми-теориялық негіз жасады. Бұл идеялар үлкен идеологиялық ықпалға ие болды, содан кейін 1920 жылы Кеңес автономиясының құрылуымен 1936 жылы одақтас республиканың құрылуына және 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізуге негіз болды. Тұтастық мәселесі – басты мәселе, онсыз автономия мәселесін шешу мүмкін емес еді. Өйткені бұл – қазақ мемлекеттілігінің дәстүрін қалпына келтірудің алғашқы кезеңі.

►►*2-бетте*

«ӘКІМ САҒАТЫ»

## ЖҰМЫС САПАСЫ – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

***Күн тәртібінен түспей тұрған жолдардың сапасы сәрсенбіде өткен әкім сағатына негіз болды. Жүзден аса жезқазғандық қосылған тікелей эфир барысында қала әкімі ойқы-шойқы жолдармен жүріп, оларды қалыпқа келтіруге міндетті мердігерлермен жолықты. Орынды сын, нақты тапсырма берілген кездесуді пайдаланып, Қайрат Әбсаттаров жерлестеріне үндеу жолдады.***

– Қарағанды облысы коронавирус инфекцияның таралуы бойынша қызыл аймаққа өткені белгілі. Жезқазған қаласындағы эпидемиологиялық ахуал күн өткен сайын нашарлауда. Қазірдің өзінде инфекциялық орталықтың 70 пайызы науқастармен толыққан. Жыл басынан бері госпитальде 402 науқас ем алса, қазір 138 науқас жатыр. Осы ретте, 12 сәуірден күшейтілген карантин талаптарын қатаң ұстануға шақырамын. Көпшілік орындарға барудан бас тарту, маска киіп, әлеуметтік арақашықтықты сақтау әлі де болса, өзектілігін жойған емес. Індетті жеңуде вакцинаның да көмегі барын ескерейік. Екпе салдыру тегін жүргізіледі. Вакцинаның жеткілікті қоры бар, – деген Қайрат Бектайұлы қала тұрғындарын ауызашар беріп, қонақ шақыруды тоқтатуға шақырды.

Үлкен қалаларда ауызашар беруге ниеттілер дәмін ораза ұстағандардың үйіне жеткізіп беріп жатқан көрінеді. Бұл тәжірибені жезқазғандықтар да қолданса деген тілек білдірген әкім «Өңірлерді дамыту – 2025» бағдарламасы аясында қалаішілік ауызсу құбырлары желісін тартып жатқан мердігер компаниялардың қазған жерлерін қайта ретке келтіруін бақылау мақсатында Иманжан-Түсіпбеков көшелерінің қиылысын бетке алды. Аталған аймақта «Мелиоратор» ЖШС жұмыскерлері құбыр салған. Жолдың сыйқын қашырып қана қоймай, топырақты тау-тау етіп үйген, апандай шұңқыр қалдырған мердігер мен оның тапсырыс беруші қалалық құрылыс бөлімі басшылығы жұмысын қатаң сынға алған әкім мердігерлерге айыппұл салынатынын айтты.

Өзіне жүктелген міндеттемелерді тиісінше орындамаған мердігерлердің жұмысын бақыламаған жауапты мамандар да жауапсыз қалмайтынын ескерткен Қайрат Әбсаттаров 2017 жылдан бері жүзеге асырылып жатқан жобаның II, III кезектерін де аралады. II кезектегі қала ішілік су құбырларын «Құрылыс» ЖК қайта құрылымдауда. Мира, Смайылов, Жанасов пен Пушкин көшелерімен жүріп өткен қала басшысы ондағы жағдайдың да оңалмағанына ашынды. Мердігермен бір емес алты рет кездесіп, жолдарды тегістеп, асфальттеуді тапсырса да олар асығар емес. Жалпы, Жезқазған бойынша «Құрылыс» ЖК 20 көшені ретке келтіруі тиіс екен. III кезек бойынша жұмыс жасап жатқан «НС Сервис» ЖШС де жоғарыда аталған мердігерлерден кем емес. Гоголь көшесінің ойран-топырын шығарған. Жүз түрлі сылтау айтып, ақталғысы келген мердігерлерге шілдеге дейін уақыт берген қала әкімі аралау барысында тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетовке жолдардың ағымдағы жөндеуі бойынша бірқатар тапсырмалар жүктеді.

**Өз тілшіміз**

COVID-19

## ВАКЦИНА – АУРУДЫ ЖЕҢУДІҢ ЖОЛЫ

***COVID-19 пандемиясы бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Пайда болғанына бір жылдан асса да індеттің беті кері қайтар емес. Аурудан сақтану әрі оның өршуіне жол бермеу – бүгінгі күні әрқайсымыздың міндетіміз. «Ауырғанша, ауырмайтын жол ізде» деген халық даналығын қаперге алып, сақтық шараларын қолдану арқылы, өзімізді, жақынымызды дерттің құрығынан сақтайық.***

Оқшаулану, әлеуметтік арақашықтықты сақтау, маска кию, қолғап киіп, антисептик қолдану, қолды мұқият тазалап, сабынмен жуу, адамдар көп жиналатын көпшілік орындарға бармау. Міне, осы қарапайым ғана ережелер бізді індеттен құтқарып қалмақ.

Коронавирус инфекциясы ауа тамшылары арқылы жұғатынын еске салудың артықтығы жоқ. Науқас адам түшкіргенде, жөтелгенде, сөйлескенде ауыздан шыққан бөлінділер ауаға түсіп, сау адам дем алған уақытта тыныс жолдарына түседі. Бұл аурудың бір ерекшелігі – микробының өзгергіштігі. Мутацияға түсіп, басқа түрге айналып, аурудың таралуына, өршуіне жол ашады. Жас пен жыныс талғамайтыны тағы бар. Бала да, ересек те, қарт адам да індеттің ауыртпалығын сезінеді.

Індетті көп жағдайда тұмаумен шатыстырып, асқындырып алатын сәттер де болады. Сондықтан әр азамат өзінің бойында дене қызуының жоғарылауын, бастың ауруын, әлсіздік пен дәм, иіс сезбеу, құрғақ жөтелді, тамақтың ауырсынуы мен ентігуді сезінсе дереу дәрігерге хабарласып, клиникалық белгілерді сипаттап беруі керек. Алғашқы 14 күннің ішінде вирус жасырынуы мүмкін. Соның салдарынан ентігу, тыныс алу жеткіліксіздігі сынды асқынулар көрініс береді. Әсіресе жасы ұлғайған, созылмалы аурулары (артериальды гипертензия, қант диабеті, жүректің ишемиялық ауруы, өкпенің созылмалы аурулары) бар науқастарда бұл кесел ауыр түрде өтеді.

Созылмалы дертіне коронавирус кеп соқтығысқанда науқастың иммунитеті күресуге қауқарсыз болып, соңы өкінішті аяқталып жатқанын көріп те, естіп те жүрміз. Осы орайда, елімізде азаматтардың амандығын сақтап қалу жолында көптеген іс-шаралар іске асуда. Соның бірі – коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялау науқаны. Вакцина – аурудың жеңудің, өршітпеудің бірден-бір жолы. Жезқазған қаласында «Спутник –V» вакцинасымен вакцинациялау 9 наурыздан бастап жүргізілуде. Біздің жоғары медициналық колледж ұжымы да екпе салдырып, өз денсаулығын қауіпті дерттен қорғады. Вакцинациялау кабинеті Омаров көшесі, 25 мекенжайында орналасқан консультациялық-диагностикалық орталықтың ғимаратында орналасқан. Таңертен сағат 9:00-ден, кешкі 20:00- ге дейін жұмыс істейді. Кез-келген қала тұрғыны тегін түрде вакцина алу құқығына ие. Сонымен бірге, вакцина алу немесе алмау әр азаматтың өз еркінде екенін ұмытпаған жөн.

**Жанар ӘБЕУОВА,**
**Жезқазған жоғары медициналық колледжі оқу-тәжірибе ісінің меңгерушісі, терапия пәнінің жоғары санатты оқытушысы**

# ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙ САЛУ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІ ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020

***Бүгінгі таңда жер мәселесі біздің қаламызда және жалпы еліміз бойынша ең өткір, өзекті мәселелердің бірі болып қалуда.***

Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерімен қамтамасыз ету, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Жезқазған қаласының жергілікті атқарушы органы қаланың батыс ауданында жер беру бойынша жұмыс жүргізуде.

Жезқазған қаласының әкімдігіне жер қатынастары мәселелері бойынша көптеген өтініштер келіп түсуде. Сұрақтардың басым бөлігі жеке тұрғын



үй құрылысы үшін жер учаскелерін алуға қатысты (жерді қалай алуға болады, қандай мерзімге, қандай мөлшерге, нені салу қажет және т.б.). Бұл сұрақтарға толық түсінік беруге тырысайын:

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының әр азаматының тұрақты тұратын жеріне қарамастан, республика аумағында жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскесін алуға құқығы бар.

Тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін алу үшін азамат қала әкімдігіне өтінішпен жүгінуі қажет. Бұл мемлекеттік қызмет әлі автоматтандырылмаған, бірақ жақын арада барлық мемлекеттік қызметтер тек электронды форматта көрсетілетін болады.

Заңнамаға сәйкес, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері сұралған кезде азаматтардың өтініштері арнайы есепке алынады және бөліп берілетін алаңдардың дайын болуына қарай не жеке тұрғын үй құрылысы үшін пайдаланылатын бос аумақтар болған кезде қанағаттандырылады. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін тегін негізде беру кезінде азаматта жеке тұрғын үй құрылысы үшін мемлекет құқық берген жер учаскелерінің болуы немесе болмауы ескеріледі.

Бұл ретте, азаматтың жеке меншік құқығындағы үйінің немесе пәтерінің не жалдау немесе жалға алу шарты бойынша өзі пайдаланатын мемлекеттік және қоғамдық тұрғын үй қорының үйлеріндегі пәтерінің, саяжай немесе бау-бақша жер учаскесінің болуы жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскесін беруден бас тартуға негіз болып табылмайды.

Өзіндік қосалқы шаруашылық (үй маңындағы телім) жүргізу және жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін жеке меншікке тегін беру жер учаскелері игерілгеннен кейін, яғни құрылыс аяқталғаннан және салынған объектіні (тұрғын үйді) пайдалануға бергеннен кейін жүргізіледі. Жер учаскелерін көрсетілген мақсаттар үшін игеру кезеңіне беру 3 жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен жүргізіледі.

Азаматтарға берілетін жер учаскелерінің мөлшері сәулет-қала құрылысы және (немесе) құрылыс құжаттамасымен айқындалады.

Жер учаскелері Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке меншікке мынадай мөлшерде тегін беріледі:

1) ауылдық жерлерде өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу үшін (үй маңындағы және егістік телімдерді қоса алғанда) – суарылмайтын жерде 0,25 гектар және суармалы жерде 0,15 гектар;

2) жеке тұрғын үй құрылысы үшін – 0,10 гектар;

3) бағбандық, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін – 0,12 гектар.

Көрсетілген мақсаттар үшін жер учаскелерін қайтадан тегін беруге жол берілмейді.

Құрылыс салушы белгіленген Құрылыс және басқа да міндетті нормалар мен ережелерді бұзбайтын және сәулет және қала құрылысы бөлімімен келісілген кез келген жоба бойынша тұрғын үй салуға құқылы.

Белгіленген тәртіппен бекітілген үй-жай учаскесінде орналасқан тұрғын үйдің және басқа да құрылыстардың өлшемдерін, олардың сыртқы габариттері (оның ішінде биіктігі) осы құрылыстар, сондай-ақ іргелес жер учаскелеріндегі құрылыстар арасындағы белгіленген міндетті нормативтік, санитариялық, өртке қарсы және техникалық аралықтарды қамтамасыз еткен жағдайда, жеке құрылыс салушы дербес айқындайды. Яғни, шаруашылық құрылыстары (гараж, монша, қора және т.б.) бар тұрғын үйді салу кезінде одан әрі жер даулары мен сот талқылауларына жол бермеу үшін аралас (көрші) учаскелердің болуын да ескеру қажет.

Құрылысты жүзеге асыру тәсіліне қарамастан, жаңадан салынған жеке тұрғын үйлер барлық құрылыс-монтаждау жұмыстары орындалғаннан және бөлінген жер учаскесі абаттандырылғаннан кейін «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес пайдалануға қабылданады.

Бүгінгі күні жергілікті атқарушы органның (Жезқазған қаласының әкімдігі) арнайы есебінде (кезекте) өз құқығын пайдалану және тұрғын үй салу үшін 10 сотық жер учаскесін тегін алу үшін 3886 адам тұр.

Қазақстан Республикасының Жер кодесіне сәйкес жергілікті атқарушы органдар бекітілген Бас жоспарлардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бұл ретте егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары немесе елдімекендердің бас жоспарлары болмаса, құрылыс үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынады.

Бұдан басқа, дайындалған алаңдарда, атап айтқанда, сумен жабдықтау және электрмен жабдықтау желілерімен қамтамасыз етілген жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беруге жол беріледі. Орталықтандырылған сумен жабдықталмаған елді мекендерде мұндай жер учаскелерін беруге электрмен жабдықтау желілері болған кезде ғана жол беріледі.

Жезқазған қаласының бас жоспары Қарағанды облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы шешімімен бекітілген. Жезқазған қаласының батыс ауданы 91-92 орамдарында кіші қабатты құрылыс (ЖТҚ) үшін алаң болып таңдалды. Бас жоспарға сәйкес, Батыс ауданда ЖТҚ үшін үш кезек жобалануда.

Осылайша, бас жоспар бекітілгеннен кейін қаланың батыс ауданында инженерлік желілер салу жұмыстары басталды. 2017 жылдың желтоқсан айында құрылыс жұмыстары аяқталып, Батыс ауданының инженерлік желілері (жеке тұрғын үй құрылысының 1-ші кезегі) пайдалануға берілді. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін дайын алаңның болуы туралы ақпаратты алған сәттен бастап «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру жұмыстарын бастады. 2018-2019 жылдар аралығында Жезқазған қаласының әкімдігімен 520 жер телімі берілді.

Қазіргі уақытта ЖТҚ жаңа алаңы (2-ші кезек) дайындалды, тағы 501 жер учаскесін беру жоспарлануда. Қазіргі уақытта бұл бағытта жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, арнайы есепте (кезекте) тұрған барлық азаматтардан мәліметтер мен деректердің толықтығын (ТАӘ, ЖСН, үй мекен-жайы) салыстырып тексеруді сұраймын. мекен-жайы) есепке қою кезінде өтініштерде толтырылған.

Арнайы есепте (кезекте) тұрған азаматтар өз кезегінің нөмірін электрондық портал арқылы тексере алатынын қосымша хабарлағым келеді: www.egov.kz (ЭЦҚ көмегімен), www.e-krg.gov.kz (тек аты-жөнін толтыру).

Туындаған сұрақтар бойынша «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ, Жезқазған қ., Алаш алаңы, 1, 608 кабинетке хабарласуларыңызды сұраймыз. Анықтама телефоны 8 (7102)733012.

**Марғұлан СЕЙДАХМЕТОВ,**
**«Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ басшысының міндетін атқарушы**

ТҰЛҒА

# ӘЛИХАН – ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ САЯСАТКЕР

*(Соңы.Басы 1-бетте)*

***– Кейіпкеріңіздің өміріне байланысты қандай тың деректер таптыңыз?***

– Әлихан туралы кітап жазу барысында Ресейдегі және Қазақстандағы архивтерді ақтардым. Қазақстанның орталық архивінен қайталанбас құжаттар, анығырақ айтқанда, Әлиханның Жер ісі коммисариатындағы қызметі туралы түпнұсқаларды таптым. Бұл анкеталарда оның қызметіне кіріскен уақыты, атқарған қызметі, қызмет бойынша ауысуы, отырыстардағы сөйлеген сөздері бар. Сондағы анкеталардың бірінде Әлихан өз қолымен Азамат соғысы кезінде Кеңес өкіметіне қарсы болғанын жазып түсініктеме қалдырған. Бұл – кейіпкерімнің өмірбаянындағы ең маңызды сәт. Жоғарыда аталған құжаттар 1920-1922 жылдарға қатысты. Ал Ресейдегі Томск облысының Мемлекеттік архивінде Әлиханның өзі жасап, қол қойған жеке карточкасы сақтаулы тұр. 1917 жылы қазанда толтырылған осы құжатта Кадеттер партиясының мүшесі екенін өз қолымен жазып көрсеткен. Орынбор облысының архивінде Ә.Бөкейханның досының үйіне жақын жерде банк болды. Естеріңізге сала кетейін, сол кездегі Самара – көрнекті қалалардың бірі, көптеген тұлға қоныстанған сауданың, көпестердің шаһары.

Томскіде 1917 жылы қазанда Жалпысібір съезі болды. Оған Әлихан да қатысты. «Сибирский областной съезд. Октябрь 1917 года» Қорында кейіпкерімнің съезге қатысушы ретінде өз қолымен толтырған сауалдамасы сақтаулы тұр. Сауалдамада Ә.Бөкейхан өзінің жасын 48-де деп жазған. Демек, ол 1870 жылы туған. Қазіргі көп деректе «1866 жылы дүниеге келген» деп көрсетілген.

***– Сібір демекші, сіздің зерттеу бойынша Сібір автономиясы мен Әлихан Бөкейханның арасында қандай байланыс бар?***

– Бұл – менің жұмысымдағы ең



Жер банкіндегі қызметі жөнінде құжаттар бірінші рет жарыққа шықты. Бұл – түпнұсқа. Осыған дейін аталған құжаттарға әлі ешбір зерттеушінің қолы тимеген.

Өздеріңіз білетіндей, Ә.Бөкейхан Выборг үндеуіне қатысып, қол қоюшылардың қатарында болды. Бірақ оның нешінші болып қол қойғанын көбіміз білмейміз. Жақында бұл туралы тың дерек таптым. Кішкене кейінге шегінсек, 1905 жылы Ресей империясында алғашқы революция басталды, әр түрлі саяси күштердің, оппозиция мен революционерлердің қысымымен патша өкіметі жеңілдіктер жасады. Соның бір көрінісі, Бірінші орыс төңкерісінің нәтижесінде демократиялық даму жолындағы өзгерістерді енгізуге мәжбүр болған Ресей патшасының 1905 жылы 17 қазанда жариялаған манифесі негізінде Мемлекеттік дума құрылды. Оған біраз тұлғалар шақыртылды. Бірақ Дума ұзақ жұмыс істемеді, оны Николай II небәрі 72 күннен кейін (көп фракция кадеттер, яғни Ә.Бөкейханның партияластары болса да) тым революцияшыл деп таратты. Депутаттар бұл шешіммен келіспеді және олардың көпшілігі (тек курсанттар мен социалистер) жағдайды талқылау үшін Выборгқа (Финляндия) барды. Содан соң 167 адамнан құралған депутаттар Выборг үндеуіне (1906 жылы 9-10 шілдеде) қол қойып, халықты азаматтық бағынбауға шақырды. Осылайша, бұл өкілді орган – Дума мен патша өкіметі арасындағы саяси қарсыластықтағы алғашқы Заң болды. Ақырында Дума төңкерісінен соң революция жеңіп, Николай II тағына отырмаған інісі Михаилдің пайдасына тақтан бас тартты. Міне, осындай патшалықтың құлауына арқау болған бастаманың басында Ә.Бөкейхан болды. Ол Выборг үндеуіне бірінші болып қол қойған.

Ал Самара архивіндегі құжатта Әлиханның сыртқы келбеті суреттелген. Себебі ол қадағалау агенттерінің бақылауында болды. Агенттердің деректерінде оның құндыз шляпасы, тоны, пальтосы бар деп жазылған. Әлихан өте жақсы, қазіргі тілмен айтқанда сәнді және стильді киінген. Осыдан Самарада қызмет еткен кезде оның табысы оған жайлы өмір сүруге мүмкіндік бергенін білуге болады. Әлихан Самараға Семей түрмесінен шығып, жан сауғалап келді. Анығында, түрмеден кейін өзінің жағдайын қалпына келтіру үшін осындай орынды іздеп, Кадет партиясындағы достарынан көмек сұрады. Осылайша ол 1909 жылы Самарадағы банкке жұмысқа тұрды (Әлиханның банкке орналасатындай білімі болған, ол Ресей империясының ордасы Санкт-Петербургтегі Орман шаруашылығы институтының экономика факультетінде оқыды – А.Ш.). Банк қызметкері ретінде Әлихан қаланың басты көшесінде, банкке жақын жердегі досының үйінде тұрған. Сол маңызды мәселе, ең басты тақырып. Сондықтан мұны түсіну үшін тереңнен таратуға тура келеді. Императорлық Орыс географиялық қоғамы сол кездегі ең ықпалды ұйым болды. Аталған ұйымның Батыс Сібір бөлімшесіне оның басы-қасында жүрген Григорий Потанинмен қатар Әлихан да мүше болды. Башқұрттың ірі саяси қайраткері Ахмет Заки Уалидов өзінің естеліктерінде Әлихан Бөкейханның оны Г.Потанинмен таныстырғанын және Сібір автономиясы идеяларын бойына сіңіргенін атап өткен. Міне, осылайша ол Г.Потанин және басқа да Сібірдегі тұлғалармен таныса бастады. Олардың серіктестігі дәл осы XIX ғасырдың 90-жылдарына сай келеді. Сібір автономиясын құру туралы ой осы уақытта айтылған еді. Ал бұл, меніңше, Ә.Бөкейханның Алашорда автономиясын құру туралы идеясына арқау болды. Осыған қарап, біз Алашорданың тарихы XIX ғасырдың 90-жылдарынан бастау алған дей аламыз.


ПЕРВЫЙ СИБИРСКІЙ ОБЛАСТНОЙ СЪѢЗДЪ.
г. Томскъ, 8 октября 1917 г.
Делегатская карточка № 186
(Просьба писать разборчиво).
1) Фамилія делегата Букейхан
2) Имя и отчество Алихан Нурмухамедовъ
3) Возрастъ 48
4) Національность киргизъ
5) Гдѣ родились: въ Сибири (назовите губернію, область и уѣздъ, гдѣ родились) Каркаралинск. у. Семипал. обл.
Если родились не въ Сибири, то гдѣ именно
и сколько лѣтъ прожили въ Сибири 38 лѣтъ
6) Въ какой политической партіи состоите или какой сочувствуете каде Народная свобода
7) Наименованіе организаціи, отъ которой делегированы
8) Мѣстонахожденіе этой организаціи
Граждане, делегированныхъ отъ кооперативныхъ союзовъ просятъ, кромѣ того отвѣтить на слѣдующіе вопросы:
1) Районъ дѣятельности Вашего союза
2) Приблизительное число членовъ
Подпись делегата А.Букейхан

1918 жылы сәуірде Ә.Бөкейханның Алашорда автономиясын құру туралы Сталинмен келіссөзі сәтсіз болды. Осы сәтте генерал Алексей Гришин-Алмаздың басшылығымен Сібірде құрылған большевизмге қарсы астыртын әрекеттер, келісімдер, қарым-қатынас пайда бола бастады. Бұл жасырын ұйымдардың большевиктерге, большевиктер лагеріне қарсы арнайы желісі болған. Бірақ кейін 1918 жылдың мамыр-маусым айларында Ә.Бөкейхан мен уақытша құрылған Сібір үкіметі арасында тікелей қарым-қатынас орнады.

1917 жылы Әлихан Бөкейхан Сібір облысындағылармен тығыз араласқан. Әлихан Бөкейхан съездер мен конференцияларға белсене қатысты. Айта кетерлігі, сауалдамада «Сібірде қанша жыл тұрдыңыз?» деген сұрақ болған. Ол «38 жыл» деп жазған. Яғни 48 жылдың 38-інде Сібірде тұрдым деп көрсеткен, оның ішінде 4 жыл Санкт-Петербург пен Самарада тұрып, жұмыс істеді. Сол уақытта Әлихан өзін «сібірлікпін» деп санаған. Бұл жерде «сібірлік» ұлтына емес, аумақтық байланыстылығына қатысты айтылған.

1918 жылы көтеріліс барысында большевиктер биліктен айрылып, Уақытша Сібір үкіметінің билігі орнатылды, Семейде Алашорда жұмыс істей бастайды. Жазда Алашорда көшбасшылары Уақытша Сібір Үкіметіне өзара іс-қимыл жолдары туралы хат жолдайды, онда Әлихан Бөкейханның қолы қойылған. Сол хаттың 6-тармағында «Тез арада Ресей империясының барлық шет аймақтары депутаттарының конгресін өткізу және Башқұртстан, Түркістан, Алаш және Сібір кіруі мүмкін федерацияны ұйымдастыру қажет» деп жазылған. Мен мұның тек қана мұсылмандар кірген діни ұйым болмағанына, Түркі республикасы еместігіне, атап айтқанда нағыз территориялық ұйым екеніне назар аударуға тырыстым. Әлихан Бөкейханның бұл идеясынан федерация түріндегі еуразиялық интеграцияның бастау белгілерін байқауға болады. Бұл идеялық ағым кейінірек рәсімделгенімен, шартты түрде Әлихан Бөкейханды тұңғыш еуразиялық деп айтуға болады. Бір өкініштісі, реформатордың идеясы әрі қарай жалғасын таппады.

***– Ресейлік депутаттардың «Қазақтарда мемлекет болмаған» деген сөзіне сіз жауап беріп едіңіз. Сондағы дәйекті дәлелдеріңізді айтып берсеңіз.***

– Иә, өкінішке қарай, біздің депутаттар «Ешқашан (Кеңес өкіметіне дейін) қазақ мемлекеті болмаған» деп мәлімдеме жасады. Мұндай «көшбасшылар» көбіне Кеңес заманына сілтеме жасағанды жақсы көреді. Жарайды, онда Кеңес кезеңіндегі әдебиеттерді қарайық. 1943 жылы «Қазақ КСР тарихының» алғашқы басылымы М.Әбдіқалықов пен А.Панкратованың (КСРО Ғылым академиясының академигі, олардың ғылыми беделі күмәнсіз) редакторлығымен жарық көрді. Сонымен, аталған кітаптың 94-бетіндегі 9-параграф «Қазақ хандығының білімі мен дамуы» деп аталады, онда «Қазақ хандығының негізін қалаған жаңа мемлекет пайда болды» делінген. Әрі қарай, 95-бетте: «Жас мемлекеттің халқы көбейді. XV ғасырдың 60-жылдары халықтың саны 200 мың адамды құрады. Қазақ хандығының басшысы Жәнібек болды», – деп жазылған. 1949 жылы екінші басылым жарық көрді (редакторлары И.Омаров пен А.Панкратова). Бұл сондай «кеңестік тарихнама». Қазақ хандығының құрылған жылы 1465 жыл деп белгіленді (еске салайын: Ресей мемлекетінің «тәуелсіздік алған жылы» Уградағы ұлы тұрыстан кейін 1480 жыл, ал оның 15 жылдан кейін болғаны жақсы да, жаман да емес, жай ғана объективті шындық). Тарихты тек комедиялардан ғана емес, ғылыми еңбектерден, әсіресе Кеңес заманында расталған және теріске шығарылмаған фактілерден зерттеу керек.

***– Тарихи зерттеу жүргізудегі ғалымдар жиі жіберетін қателіктер қандай? Және қалай қателеспеуге болады?***

– Тарихи оқиғаларды бүгінгі білім мен көзқарас тұрғысында бағалауға болмайды. 100 жыл бұрынғы жағдайға қазіргі ойды телуге келмейді. Бұл тарихты тығырыққа тірейді. Екіншіден, тарих – нақты ғылым. Сондықтан ондағы әрбір тұжырым белгілі бір тарихи деректерге, дәлелдемелерге сүйеніп жазылуы тиіс. Сол себепті де тарихта салмақты дәлелдерсіз аңыздарға негіздеу – кешірілмейтін қателік. Содан соң тарихи зерттеу жүргізетін ғалым тарихи деректердің ішкі және сыртқы сын-пікірлерімен жұмыс істей алуы керек, яғни әдісін білуі қажет. Өзі тапқан дереккөз қаншалықты дұрыс, қайдан алынған, кім қалдырған – осының бәріне көз жеткізуі тиіс. Әр деректі дәлел тұрғысынан қайта тексерістен өткізіп отыруға тура келеді. Үшіншіден, тарихи оқиғаны жалпы тануда, ғылыми жағынан баға беруде оның мәнмәтінінен қандай да бір сөзді немесе ойды ұрлауға болмайды. Мұндайда міндетті түрде сол уақытта әлемде және басқа мемлекеттерде аталған оқиғаға ықпал еткен жағдайларға салыстыру жүргізілуі тиіс. Осы жерде бір нәрсені қоса кетейін, тарихшылар өз елінің тарихын өз еліндегі дереккөздердің шеңберінде ғана зерттемеуі керек. Ал аталған мәселелерді шешудің жолдарына келсек, ғалымдарға отандық және шетелдік зерттеушілермен тәжірибе алмасуды жақсартқан жөн. Ақпараттар, монографиялар, деректерді де өзара талқылау үлкен рөл ойнайды. Өйткені шетелдік немесе бір өңірлік ғалымның деректерін, еңбектерін қолданғанда сол елдің яки өңірдің тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін терең түсінуге тура келеді. Ал сол елдің, болмаса өңірдің болмыс-бітімін оны зерттеп жүрген ғалым жақсы және жылдам ұғынуға жәрдемдеседі.

***– Кітабыңыз қашан жарыққа шығады?***

– Жұмыс бітуге жақын. Кітаптың мәтіні жазылып бітті деуге болады. Алда ірі техникалық жұмыс күтіп тұр. Осы жылдың ортасына қарай аталған жұмыстарды аяқтап қалармын. Сібірде кітаптың тұсаукесерін өткіземін. Сөзімнің соңында өз ойымды, жанашыр тілегімді, ұсынысымды айтқым келеді. Қазақстандағы бір архивтің жанынан Әлихан Бөкейханның қорын құру керек. Мәселен, Орталық мемлекеттік архивтің жанынан құруға болады. Бұл архивтің базасы өте құнды құжаттарға толы. Осы жерде құрылған қорда Әлиханға қатысты жан-жақта (Ресейде, Қазақстанның түкпір-түкпірінде) шашырап жүрген деректер жинақталуы қажет. Қор екі үлкен мәселенің шешімі бола алар еді. Біріншіден, Әлихандай алып тұлғаның мұрасы сақталады. Екіншіден, жас зерттеушілерге құнды құжаттар қолжетімді болады.

**Дереккөз: egemen.kz**

ТАҒЗЫМ

# ҒАЛЫМ ЕСІМІ – МӘҢГІ ЕСТЕ



***Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің негізін қалаушы, қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі әрі тұңғыш президенті, КСРО және Қазақстан Ғылым академияларының академигі, Тәжікстан Ғылым академиясының құрметті мүшесі, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты Қаныш Сәтбаевтың есімі тек Жезқазған, Қазақстан жұрты үшін ғана емес, алыс-жақынды шетел ғылымына жіті таныс.***

1899 жылы Павлодар облысының Баянауыл өңірінде дүниеге келіп, ол сол кезеңдердегі өзге ұлт зиялылары сияқты сауатын ауыл молдасынан ашқан оның қазақтың маңдайына біткен ғалым атанатынын ешкім де болжамаған еді. Болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім алған. Мұғалімдер семинариясында Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов сынды ұлт зиялыларымен бірге оқыған ол «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне де барынша қолдау білдірген. 1920-1941 жылдары Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстімет» тресі геология бөлімінің, Қарсақбай мыс комбинаты геологиялық барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологі қызметтерін атқарған. 1941-1952 жылдары КСРО Ғылым академиясы Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары институтының директоры, КСРО Ғылым академиясының Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясының президенті міндеттерін асқан жауапкершілікпен атқара білді. Талантты да талапты, білімді де білгір, отансүйгіш ғалым әміршіл-әкімшіл жүйе қыспағына ұшырамай қоймады. 1952 жылы билеуші тараптың қысымына ұшырап, қызметінен төмендетіліп, Қазақ КСР Геология институтының директоры болып тағайындалған. 1955 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарды.

Қаныш Имантайұлының қазақ түсті металлургиясының алтын бесігіне айналған Жезқазған аймағына сіңірген еңбегі айрықша. Кеңгір су қоймасы жанынан мысты қаланың бой көтеруіне, осы жерде тіршілік қатынасының жандануына қосқан ғалым еңбегін кез келген жезқазғандық жақсы біледі. 1942 жылы Қаныш Сәтбаев Жезқазғанға арналған ғылыми еңбегі үшін геология-минералогия ғылымдарының докторы атағына ие болды. Сол жылы «Жезқазған ауданының кен орындары» атты ғылыми еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлық берілді. Ол жер асты қазба байлықтарын зерттеп қана қоймай, өлке тарихына да назар аударды. Аймақтағы тарихи құнды жәдігерлер туралы сөз етілген «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» еңбегінде біршама тың деректер келтірді.

12 сәуір – қазақ ғылымының жарық жұлдызы Қаныш Сәтбаевтың туған күні. Аталған күні республика бойынша ғылым қызметкерлері күні атап өтіледі. Осы қос маңызды оқиға қатар келген күн біздің қаламызда да жыл сайын өз нақышында ерекше әспеттелетіні белгілі. Дегенмен, карантин талаптарына сай кісі қарасын қалың жинауға рұхсат етілмейді. Қазақтың асқар таудай алып ойлы, арда ғалымын ұлықтап, еңбегін ескерусіз қалдырмау мақсатында қала әкімі Қайрат Әбсаттаров пен қалалық мәслихат хатшысы Әбдірахман Досанов, қалалық қоғамдық кеңестің төрағасы Сағындық Қожамсейітов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Айып Байқасынов Қаныш Сәтбаев ескерткішіне барып тағзым етіп, гүлшоқтарын қойды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

***«Мәңгілік ел» болып қалыптасу – жарқын болашаққа бастар жол болса, латын әліпбиіне көшу – уақыт талабы. Азияның кіндігінен ойып тұрып орын тепкен, бүгінде бірнеше елдермен бәсекелестік орнатып, терезесі тең тұрған, 18 миллион халқы бар бүтіндей бір мемлекетті бір ғасыр бойы қолданып келген «кирилл» қаріпінен латын әліпбиіне көшіру – бір айда немесе бір жылда жүзеге аса салатын оңай іс емес. Мұндай үлкен жобаны іске асыру үшін біршама уақыт пен еңбектің қажет екендігі белгілі.***

# УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қазақ тілі – халқымыздың тарихымен астасып, тірлігімен тыныстап жатқан тіл. Тілдің құндылығы тереңде жатыр. Ол қоғам рухын, мәдениеті мен ұлттық кодын білдіреді. Қазақ тілінің латын графикасына көшу мәселесі – ұлтты дамытудың объективті факторы. Латын – әлем өркениеті мен техникалық өркениеттің әліпбиі.

Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғырлы байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу сызуда қолданды. Біздің еліміз латын қарпін іс-қағаз құжаттарында, әдебиет, мәдениет және басқа да барлық салаларда 1929-1940 жылдары пайдаланылғаны тарихтан белгілі.

Еліміздің латын әліпбиіне көшу – ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Бүгінгі күнге дейін тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Айта кетсек, солардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды», – деп айтты.

Көптеген ғалымдардың пікірін ескеретін болсақ, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды. Біріншіден, латын әліпбиіне көшудегі негізгі ұтымдылық – тіл ауыспай, таңбаның ауысуы. Екіншіден, қарапайым тілмен жеткізсем, сөзді немесе дыбысты қалай естісек, жазылуын да солай жазамыз. Қазіргі кезеңде білім саласындағы жаңа реформаның жүзеге асырылуы да, яғни жаңартылған білім мазмұны осы латын әліпбиіне көшуде өз үлесін қосады деген ойдамын.

Біздің елімізде мемлекеттік тілді өркендету үшін латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғыру көрінісі болмақ. Латын әліпбиіне көшу арқылы әлемдік ғылымның, инновациялық және ғылыми-техникалық прогрестің игілігін еркін меңгеруге ықпал ететін болады, сол себепті барлық қазақстандықтар ұрпақ болашағы үшін осы реформаны қолдауы керек.

Тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі ретінде жазудың маңызы өте зор. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздің дыбыстық жүйелерін нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Көз – қорқақ, қол – батыр», – деп дана халқымыз айтқандай, екі қолды сыбанып нақты нық қадаммен алға басайық!

**Ақгүл ОШАҒАНОВА,**
**«Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының латын графикасы бойынша оқытушысы**

# ТАТУЛЫҚ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

***Азаттық, егемендік, еркіндік, Тәуелсіздік! Бұл ұғымдар адам баласы жаралған сәттен бастап, осы бір ең жоғарғы саналы тіршілік иесі үшін тым қымбат ұғымдар еді. Сол мәнін бүгінде жойған жоқ. Ешқашан жоймайтыны да – ақиқат. Бесікте жеткен нәрестенің өзі аяқ-қолымды жазамын деп шырылдап жылайды емес пе?! Демек, еркіндік – адам баласымен егіз ұғым.***



Мен бүгінгі ішем дегенін ішетін, жеймін дегенін жейтін, айтам дегенін айтып, барам деген жеріне еш тосқауылсыз бара алатын, оқимын дегенін оқып, өз ойына, өз арманына алаңсыз қадам баса алатын жастарды, балаларымды көргенде ерекше шаттанамын. Сол сәтте жүрегімді зор тебіреніс билеп, көңілім теңіздей тулап, аласұрады. Қазіргі жастар мен кезіндегі өз балалық шағым мен жігіттік кезеңімді салыстырамын. Айырмашылығы жер мен көктей. Әрине, олай болуы да заңдылық. Ана тілімізді матап, қараңғыға жауып қойып, билеуші ұлт тілінде сайраған, дәлірек айтқанда мәжбүр болған кезімізді, өз дінімізден безініп, ділімізден ажыраған сонау сорақы сәттерді еске алғанда көңілімізді кірбің билейтініне де, іштей налитынымыз да рас. Десе де, көрер жарығымыз, кемел келешегіміз бар екен. Тәңірдің қолдауымен арман еткен арда Тәулсіздігімізге қолымыз жетті. Тәуелсіздіктің таңын көруді нәсіп еткен жаратқанға да алғысым зор.

16 желтоқсан – еліміздің егемендігін жариялаған күн. Сол күні көгімізде тәуелсіздік туы желбіреді. Содан бері 30 жыл уақыт өтті. Осы өшпес жылдар белесінде Қазақстан экономикасы қарыштап дамыды. Саясаттағы сындарлы бағыт өз жемісін беруде. Береке-бірліктің арқасында әлем таныған іргелі мемлекетке айналдық. Замандар бойы арман еткен егемендікті қазақтың басына қонған бағы, астына орнаған тағы деуге болады. Қазақ елі талай белестерді бағындырды. Халқымыз жер бетінде сонау батыр жүрек сақтар мен ғұндардың жалғасы болған қазақ атты ұлттың барын күллі жаһанға жария етіп, қайраты мен айбынын танытты.

Еліміздің алып бәйтеректей тамырын тереңге жайып, биікке ұмтылуы жолында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың үлесі зор. Қанаты қатаймаған жас мемлекетті дамытып, атын жалпақ жұртқа таныту – ерлікпен пара-пар іс. Бүгінде Қазақстан – әлемдік қоғамдастықтағы жауапты да құрметті әріптесі, Орталық Азияның шешуші елі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында ұлы мақсаттарға жетелейтін – «Мәңгілік Ел» идеясын ұсынды. Барша қазақстандық бұл идеяны үлкен қуанышпен қабылдады. «Мәңгілік Ел» сөзі біздің тамыры тереңде жатқан түп тарихымыздан белгілі. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік ел» деп өсиет қалдырған. Елбасымыз Тоныкөк бабамыздың өсиетін тілге тиек ете келіп: «Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры. Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де Мәңгілік ел деген құдіретті ұғымға сыйып тұр»,– деген болатын. Ұшар басында алып самұрығы қанат қаққан «Қазақ елі» монументі – бабаларымыздың «Мәңгілік ел орнату» идеясына қойылған ескерткіш белгі. Халқымыздың өткені мен болашағын жалғап тұрған, оның мәңгілік мұраты мен асыл арманы бейнеленген бұл алаң – еліміздің басты алаңы. Болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мұраттарға жетелейтін «Мәңгілік Ел» идеясының ұғымын, оның мазмұнын, мәңгілік мұраттарға қол жеткізудің құндылықтарын насихаттау, жас ұрпақтың санасына сіңіру – қазақ қоғамы үшін аса көкейкесті мәселелердің бірі.

Қазірде елімізде тыныштық орнап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман келді деп мақтанышпен айта аламыз. Артқа тастаған отыз жылдың ішінде не атқардық деген сауал туса, тізбектеп сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бір мемлекетке жетерлік іс тындырылды және жүзеге асырылды. Экономикалық жағдайымыз жақсарып, әл-ауқатымыз артты. Қазақ мектептері мен балабақшалар саны артты. Білім мен денсаулық жағдайына аса мән берілді, өзге елдермен қарым-қатынасымыз жақсарып, саяси және мәдени қатынастар да үдей түсті. Ел тұрғындарына жасалып жатқан игі шаралар легі мен қолдау-көмек түрлері әлі де жалғасуда. Бұл тоқтамайтыны да сөзсіз. Осыған қарап, артта қалған азапты күндерге «Қош!» айтып, бақытты болашаққа деген, балаларымның, ұрпағымның арайлы ғұмырына деген сенімім арта түседі. Ендігі тілейтінім – осы асылымыз, қадірліміз Тәуелдсіздік мәңгі тұрақты болса екен. 30 жылдық құтты болсын, ардақты ағайын!

**Береке КӨШЕНОВ,**
**Жезқазған қаласының Құрметті азаматы**

БӘРЕКЕЛДІ!

# ЕСЕЛІ ЕҢБЕК БАҒАЛАНДЫ

***Жезқазған қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ақпараттық-библиографиялық бөлімінің меңгерушісі Ғалия Исламқызы Ғазизова Қазақстан мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төсбелгісімен кітапхана тарихында алғаш рет марапатталды.***

Төсбелгіні Қарағанды облысынан арнайы келген «Қазақстан өндірістік Мәдениет, Спорт, Туризм және Ақпарат қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық қауымдастығының өңірлік филиалының басшысы Алма Таймаңқызы Өсерова табыс етті.

Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі – оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір рөлін қалтқысыз атқарып келе жатқан 47 жылдан астам тарихы бар руханият ордасы.

Мәдени-ағарту училищесінің жолдамасымен келген Ғалия Исламқызы 1989 жылы кітапхана саласына оқырманға қызмет көрсету бөліміне қызметке орналасты. 2003 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар институтының «кітапханашы-библиограф» факультетін бітіріп жоғары білім алды. Кітапхана саласында 32 жылдан бері үзбей қызмет етіп келеді.

Мәдениетімізді, дәстүрімізді, тілімізді дамытуға қызмет етіп, қомақты үлесін қосқан білікті маман, отбасында ардақты жар, аяулы ана, ақ жаулықты әже, Ғалия Исламқызын ұжымы шын жүректен құттықтап, шығармалық жұмыстарына толағай табыстар тілейді!



# НҰРАЙ – ЖОБА ЖЕҢІМПАЗЫ

***Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Әр бала мектеп жасынан әдебиет оқуға дағдылануы кажет. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес еліміздің білім және ғылым министрлігі «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын.***




«Оқуға құштар мектеп» жобасыны аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге аспақ. Олардың қатарына еліміздің үздік классиктерінің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлар, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптары енді. Осы жобаға №8 гимназия кітапхана оқырмандары белсенді атсалысуда. Бекітілген жоспарға сәйкес оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында гимназия кітапханашыларының ұйымдастырумен 1-сынып оқушылары үшін Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінен мәнерлеп оқу сайысы өткізіліп, нәтижесінде 1«а» сынып оқушысы Нұрай Ибнимақсұт Бас жүлдені жеңіп алып, қалалық кезеңге жолдама алды. Жастайынан кітап оқуға құштар Нұрай алдағы сайыстан да сүрінбей өтетініне сенім мол.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының басты мақсаты – өскелең жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейтіп, жан-жақты дамуына, ойлау қабілетін жетілдіруге, шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқындағы жағымды тұстарын үлгі ете отырып, оқушыларды рухани байыту.

**Әсем ҚҰРМАНБАЕВА,**
**№ 8 гимназия кітапханасының меңгерушісі**



# АУЫЛДА АЛҒА БАСУ БАЙҚАЛАДЫ

***Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін еместігіне назар аудартып, ауылдың әлеуетін толық пайдалану, ондағы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру бағытында бірқатар міндеттер жүктеді. Бүгінде мысты өлкеге қарасты Сарыкеңгір селолық округінде Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру бағытында бірқатар жобалар қолға алынды.***

Қазіргі таңда ауылдық округте 85 отбасы немесе 414 адам тұрады. Оның ішінде 268-і – экономикалық белсенді, біреуі жұмыспен қамтылған тұрғын. Мемлекет тарапынан атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы тіркелмеген.

Ауыл халқының басым көпшілігі мал шаруашылығын өркендетуде. Бүгінгі күні селолық округте 85 шаруа қожалығы тіркеліп оның 68-ы жұмыс жасауда. Селоның жалпы жер көлемі 331 128 гектарды құрайды, оның 215695 гектары ауыл шаруашылығына, 405 гектары шабындық мақсатта пайдаланылуда. Малшыбай селосының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының 2021 жылға арналған бағдарламасы шеңберінде биыл көшелерді жарықтандыру, санитариясын қамтамасыз ету, автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша жобалар жоспарланған. «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу жөнінде де біраз шаруалар межеленген. Атап айтсақ, 2021 жылы Малшыбай селосының саябағына «Домбыра» кіші архитектуралық пішіні орнатылады. Сондай-ақ, округтегі мал шаруашылығымен айналысатын тұрғындарға жаңа гидропоника технологиясы жіті түсіндірілді. Мал азығын дайындаудың баламалы түрін меңгерген шаруа қожалықтары табиғи жолмен мал өнімдері сүт пен еттің көлемі мен құнарлығын ұлғайтуға мүмкіндік алды.

Мемлекеттік саясаттың басым бағыты саналатын туризмді дамыту арқылы ауылдың екінші тынысын ашу көптен бері айтылып жүр. Биыл осы бағыттағы жоспардың бір парасы жүзеге асырылмақ. Ауыл азаматтары Алаша хан кесенесіне келген туристерді және қонақтарды күту мақсатында кигіз үй тігіп, ұлттық тағам ұсынбақшы.

Ауыл шаруашылығы жерлерін көкөніс егу мақсатында да пайдалану қолға алынды. Селолық округтегі шаруа қожалықтары 8 гектар жерге картоп өнімін және 2 гектар жерге көкөніс егуді жоспарлауда. Алынған өнімдер ауыл тұрғындарына және қалаға қолжетімді бағамен көзделіп отыр. Тағы бір жеке кәсіпкер тері илеу атакәсібін дамыту жолында цех ашпақ ойда. Кәсіпкер ұлттық қолөнерді дамытып қана қоймай, ат әбзелдерін жасау үлгісін кейінгі ұрпаққа насихаттап, мұра етпек.

Тұрғындардың денсаулығын жақсартып, бұқаралық спортпен шұғылдануға тарту мақсатында өзенде конькимен сырғанау алаңы ұйымдастырылды. Сондай-ақ, мектеп спорт залында ауыл жастары аптасына екі рет волейбол ойнай алады.

Биыл Малшыбай селосы саябағына жарық шамдарын орнату үшін 3 млн 607 мың теңге қаражат қарастырылған және 8 млн 227 мың теңге Малшыбай ауылының ұңғымасы мен мұнарасын ағымдағы жөндеу жоспарланып отыр. Мал басын көбейту де – күн тәртібінен түспейтін мәселе. 2023 жылы ірі қараның санын 2760-қа, жылқыны 3600-ге, қой-ешкні 8 мыңға жеткізу міндеті тұр.

**Өз тілшіміз**

COVID-19

# КАРАНТИН КҮШЕЙДІ

***Қазіргі таңда еліміз бойынша COVID-19 індеті өршіп тұр. Ауру күшейген аймақтар қатарында Қарағанды облысы да бар. Қауіпке толы «қызыл» аймаққа енген облысымызда тұрғындардың денсаулығы басты орында болуы тиіс. Осыған сәйкес, Қарағанды облысының бас санитарлық дәрігері Юрий Залыгин жаңа қаулы шығарды.***

Бірқатар жұмыстарға шектеу қойылған қаулы да 12 сәуірден бастап «Ashyq» пилоттық жобасы іске асырылатын нысандарды қоспағанда, ойын-сауық мекемелері (караоке, компьютерлік клубтар, түнгі және ойын клубтары, бильярд, боулинг орталықтары), букмекерлік кеңселер, жабық үй-жайлардағы ойын алаңдарын, аттракциондарды қоса алғанда, балалардың ойын-сауық орталықтары, банкет залдарының, театрлар мен кинотеатрлар, концерт залдары, цирк, мәдениет үйлері мен мәдениет сарайлары жұмысына тыйым салынды. Ал музейлер мен кітапханалар жұмысын жалғастырады. Тек оларға келушілердің саны 30 адамнан аспауы қажет.

Сабақтан тыс уақытта оқушылармен жеке сабақтар өткізуге рұқсат жоқ. Оқушыларды COVID-19 бойынша жағдайы нашар өңірлер мен елдерге халықаралық жарыстар мен олимпиадаларға шығаруға, экскурсиялар жасауға тыйым салынды. Бұқаралық іс-шаралар мен конференцияларға да қатаң шектеу қойылған.

Еліміздің басқа өңірлеріне және облыс ішінде тұрақты емес туристік автотасымалдарға толық тыйым салынады.

Ал жаттығу залдары мен фитнес-орталықтарға, бассейндерге, сұлулық салондарына бару үшін алдын ала жазылғаныңыз абзал. Сауда үйлері, сауда-ойын-сауық орталықтары, көтерме-тарату орталықтары, ауданы 2000 шаршы метрден астам азық-түлік емес тауарлары бар дүкендер (азық-түлік супермаркеттерін, азық-түлік павильондарын және олардағы дәріханаларды, сұлулық салондарын, химиялық тазартқыштарды қоспағанда), фитнес-орталықтар, спорттық-сауықтыру орталықтары, тренажер залдары, спорт кешендері, сауналар, бассейндер, СПА-орталықтары, массаж салондары (Қарағандыда Ashyg пилоттық жобасы іске асыратын нысандарды қоспағанда), жабық базарлар (азық-түлік және азық-түлік емес) сенбі-жексенбі күндері қызмет көрсете алмайды. Ашық ауадағы (азық-түлік және азық-түлік емес) базарлардың жұмысы тек жексенбі күндері ғана тоқтатылады.

Супермаркеттер мен гипермаркеттердің жұмыс кестесі – таңғы 7.00-ден 24.00-ге дейін. Барлық келушілер үшін термометрия, маска режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау қажет.

Қоғамдық тамақтану нысандары сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін ғана жұмыс істей алады. Дегенмен, азық-түлікті жеткізу және алып кетуге уақыт шектеуі қойылмайды. Мейрамханалар мен тойханалар жұмысына, отбасылық той-томалақ, еске алу сынды отбасылық жиындарға да тыйым салынады.

Ауру дендеп енген сәтте қауіптен қорғағымыз келетіні – балалар. Төртінші оқу тоқсанынан бастап оқушыларды 100 пайыз қабылдап, білім беріп жатқан мектептер қызығы ұзаққа созылмады. Бұдан былай мектептегі оқуды 1-5-сыныптар және бітіруші түлектер, яғни, 9, 11-сынып оқушылары ғана жалғастыра алады. Ал қалған сынып оқушылары онлайн оқу форматына ауыстырылып, үй жағдайында білім алатын болады. Бұл білім ошақтарындағы ауру қаупін азайту үшін жасалып отыр.

Құрама түрде бітіруші сынып оқушылары оқиды (9, 11 (12): 70% пәндер штаттық режимде, 30% -ы қашықтықтан, жиынтықтау кезінде сыныпта 15 адамнан аспауы тиіс, «1 сынып – 1 кабинет» қағидаты бойынша санитариялық-дезинфекциялық және бетперде режимдерін сақтай отырып оқытылады.

Ал балабақшаларда саны 15 баладан аспайтын кезекші топтар ғана жұмыс істейтін болады.

Одан бөлек мемлекеттік ұйымдар мен жеке кәсіпорындар өндірістік қажеттілікке байланысты қызметкерлердің кемінде 80%-ын қашықтан жұмыс істеу форматына көшіргені жөн. Ауру көрсеткіші бұдан да жоғары деңгейде көбейіп, эпидемиологиялық ахуал өршитін болса, мектеп оқушыларының барлығы дерлік қашықтан оқуға көшуі ықтимал екенін ескерткен Юрий Залыгин облыс тұрғындарына барынша сақтық шараларын сақтауды ескертті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## Жыл сайынғы «Парыз 2021» конкурсына қатысуға өтінімдерді қабылдау басталды

Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы облыстың жұмыс берушілері мен кәсіпкерлерінің назарына ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі, жұмыс берушілердің Ұлттық палатасы, Қазақстан Республикасының кәсіподақтар Федерациясы 2021 жылы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» республикалық конкурсын өткізудің басталғаны туралы хабарлағанын жеткізеді. Байқау қорытындысы жыл соңында шығарылады.

Конкурс жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қоғам алдындағы өзінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға және арттыруға бағытталған.

Осыған байланысты облыстың қалалары мен аудандарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, жоғары корпоративтік жауапкершілігі бар өңір кәсіпорындарының оң тәжірибесін, өткен жылдардағы «Парыз» конкурсының жеңімпаздарын насихаттау жоспарланып отыр.

Конкурстың өңірлік және республикалық кезеңдеріне қатысу тегін.

Байқау 4 номинация бойынша өткізіледі:

**1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын»**

Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға, өңірдің әлеуметтік жобаларын іске асыруға қатысуға, мүмкіндіктері шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және жалпы қоғамның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекке ақы төлеуді және әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыру, кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүйелері, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың барынша көп санын жұмысқа орналастыру және т.б.) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады.

**2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын»**

Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады.

**3) «Үздік ұжымдық шарт»**

Бұл номинацияда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады.

**4) «Экологияға қосқан үлесі үшін»**

Бұл номинацияда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

«Парыз 2021» конкурсына қатысу қағидалары мен тәртібі туралы толық ақпарат алу үшін ұйымның орналасқан жері бойынша қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне жүгінулеріңізді сұраймыз. Сондай-ақ барлық ақпаратты «**Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы**» **ММ** сайтынан ала аласыздар.



# ЖАҢАРҒАН ӨҢІРДІҢ ШЕЖІРЕШІСІ




Кеңгір өзені Сарыарқаны солтүстік-шығысынан оңтүстік-батысына қарай қақ жарып өтетін Сарысу өзенінің оң қанатынан құйылатын саласы болады. Кеңгір – Орталық Қазақстанның басқа өзендері сияқты көктемде ғана тасып, басқа кезеңдерде арнасында бөлек-бөлек қарасулар ғана сақталатын, құрғап қалатын өзен. Ұзындығы 300 шақырымға созылатын осы өзеннің орта шегінде екі жақ қанаты көтеріліп, қыспақтап, арнаны жіңішкертетін жер бар. Осы арнаны қыспақтаған жерде жер асты сулары да кедергіге ұшырап, деңгейін көтеріп барып, жер бетінен шығып, өзен арнасында қарасу болып көрініп жатады. Сол себептен бұндай қарасулар жаз бойы сақталады. Осы аталған қарасудың көлемі де, мол суы тұрақты, жағасы жайылымды болғандықтан ертеден ел қонысы болған. Бұл жер Бағаналының үлкен бұтағы Сары-Аталықтың (Сарының) бел баласы Бекболат руының атақонысы болған. Бекболаттықтар өзен бойында салған қыстауларында қыстап, жаз бойында Сарысу өзені мен аралықтағы Шұбарқұдық, Маңдай-Қақ деп аталатын жерлерді жайлап отырған.

1921 жылдың мамыр айының басында осы Бекболат руының Әбубәкір шаңырағында дүниеге бесінші қуанышын жариялап жас нәресте келді. Оның атын Бекболаттың інісі Жауғаштының бір бұтағы Байсымақ баласы беделді Сүтемгеннің атымен аттас етіп қояды. Бұл кез қазақ елінің Кеңес Одағының бір республикасы болып, жаңа өңірдің бастаушысы өндіріс орындарын аша бастаған кезең болатын. Сол бастамалардың бірі Қарсақбайда мыс қорыту зауыты, Жезқазғанда мыс өндіретін шахталар, жер қойнауының байлығын зерттеуші геологтардың бұрғылау станоктарының көріне бастаған кезі болатын. Бала Сүтемген оқу жасына жеткенде осы айтылған өндіріс салалары да тұрақты жұмыс істей бастаған еді.

Отызыншы жылдардың ортасында Жезқазған кенін өндіруші комбинатты орналастыру мәселесі қаралғанда, өндіріс басқармасын Кеңгір өзенінің Бекболат ауылы орналасқан жеріне салуды дұрыс деп шешіледі. Бұлай шешуге осы жердегі өзен арнасының тарылып, болашақ су қоймасын жасауға ыңғайлы екені түрткі болған. Осылайша Бекболат ауылы өсе келе Жезқазған қаласына айналады да, ауыл жанындағы қарасу Кеңгір су қоймасына айналған. Қарап отырсақ бала Сүтемген туған ауылына бақытты болашаққа үлкен өзгерістерді ала келгендей. Сүтемген мектеп жасына жеткенде Бекболат ауылын Кеңгір жұмысшы кенті аталып, мектеп салынған кез еді. Осы мектептің алғашқы оқушыларының бірі болып бала Сүтемген сауатын ашты. Аудан орталығына жетіп, жан-жағына көз тастады.

Сүтемген мектепті бітіргенде өңірдегі өмір жаңарып көптеген жаңа мамандықтар пайда болған кез еді. Осы таңдауда дұрыс шешім қабылдау үшін ол Қарсақбайдағы «Қызыл кенші» атты газеттің тілшісі болып, қызметке орналасады. Осы қызметін атқара жүріп, ол алдымен геология мамандығымен танысады. Геологтар жер қойнауында әртүрлі тереңдіктерде орналасқан пайдалы қазбаларды іздеп табатын олардың құндылығын жан-жақты зерттеп, жарамдылығын анықтайтын мамандар екен. Бұндай істерді атқару үшін нақтылы білім, жинақты тәжірибе керектігін аңғарады. Шынында да көзбен көрмей, қолмен ұстамай, жер қабатында жасырынған кендерді дәлдеп табу әркімнің қолынан келмейтіндігін, оған тек білімді ғана болмай, тәуекелі мол батылдық шешімге бара алатынына көзі жеткен Сүтемген геология мамандығын өзіне қолайсыз деп табады.

Бұдан кейін ол кенші мамандығымен танысады. Бұл мамандықты меңгергендердің кәсібі жер астында геологтардың тауып көрсеткен пайдалы қазбаларды қазып алу екен. Ол үшін олар шахталар арқылы тереңдікке түсіп әртүрлі әрекеттер жасайды екен. Жер астына адам өлгеннен кейін ғана түседі деген ұғымменен қалыптасқан оның санасы бұл мамандықтың өзіне жарамсыз екенін сездірген тәрізді.

Келесі танысқан мамандығы кен байытушылардың жұмысы еді. Олардың кәсіптері кеншілердің жер астынан көтерілген руда тастарын қиратып езгілеп ұнға айналдырып, оларға арнайы сұйық заттар қосу арқылы, металл ұнтақтарын сүзіп алып, мыс қорыту зауытына жіберіп отыру екен. Бұл жұмыс жас Сүтемгеннің есіне анасының диірмен тартып, бидайдан нан пісіріп отыратынын елестетті. Оның онша қызықты және тартымды еместігін байқатты. Бұл мамандыққа да оның көңілі тұрақтамаған тәрізді.

Жас Сүтемген енді бетін мыс қорыту зауытына бағыттаған сияқты. Бұнда істейтіндердің жұмыстарының ауыр және қауіпті, денсаулыққа зиянды екенін аңғармай қойған жоқ. Бірақ ол әкесінің үйіндегі екі бөлменің ортасына салынған пештің қолды шыдар-шыдатпастай ғана беретін ыстығына үйренген оның сезімі, мына зауыттағы алып пештердің тас ұнтақтарын балқытып, қаймақтай ағызып жатқанын көргенде қызықпай қоймаған сияқты. Солай болса да оның көңілі бұл мамандыққа да тоқтамады.

Өндіріс саласындағы мамандықтардың жас Сүтемгеннің келесі танысқан мамандығы құрылысшылар мамандығы еді. Бұл мамандық атына сай құрылыс үй және басқа өндіріс ошақтарын орнатушылардың кәсібі екен. Құрылысшы мамандығының бір жағымды жағы – олардың істеген істері барша көпшілікке көрнекті және қолма-қол игілікке пайдаланылып жататыны. Осы жағы жас Сүттенгенді қызықтырғанын байқаймыз. Осылайша ол қаладағы «Қазмысқұрлыс» тіресіне жұмысқа орналасып, еңбек жолының келесі кезегін бастайды. Құрылысшы мамандығын толық игеру мақсатында ол сырттан оқып, кәсіби мамандығын игереді. Трестің алғашқы салған құрылысының бірі Жезқазған жылу-электр орталығы болды. Сол кездегі Рудник кентімен Кеңгір жұмысшы кентіне электроэнергияның қуаттары шектеулі жеке-жеке орталықтардан берілетін болатын. ЖЭО ның салынып біткеннен кейін осы кенттердің электроэнергияға тапшылығы жойылып қана қоймай, Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының басқа да сұраныстарын оындауға толық мүмкіншілік ашылды. Трестің келесі құрылыс орталығы болған нысан Жезқазған байыту фабрикасы болатын, одан кейінгісі мыс қорыту зауыты болған. Бұлардың қай-қайсысы болса да аса күрделі құылыстары еді. 1971 жылы мыс қорыту зауытының салуы аяқталып, өндірістік сынақ жұмыстары басталды. Мыс қорыту зауытының салынуымен Жезқазған комбинаттың негізгі өндіріс нысандарын орнату жұмыстары аяқталып, оның толыққанды жұмыстарын бастауға молынан мүмкіндік туды.

1973 жылы Жезқазған облысы құрылып, қала облыс орталығына айналғанда, трестің үй құрылысын кең көлемде салудың мүмкіндігі мол еді. Нәтижесінде қала халқы 100 мыңға жетіп, гүлденген облыс орталығына айналды.

Осындай қыруар істерді атқарушылардың ортасында болған Сүтекеңнің көңілі масайрап, мақтаныш сезімге толды деп айта аламыз. Байқамы мол Сүтекең өзінің көз алдында шағын ғана Бекболат ауылының адам айтса сенбейтіндей өзгеріске ұшырағанын тіпті бүкіл аймақтың өмірінің өзгергенін байқамай қоймады. Кеше ғана жаңа өмірдің жаршысы болып, бүкіл Ұлытау өңірін оятқан Қарсақбай мыс қорыту зауыты, өзінің міндетін Жезқазған мыс қорыту зауытына беріп, өзі өмір жолынан шеттелгенін көрген Сүтекең, бұл өңір өзгерістерінің тез болып жатқанын байқап осылар туралы болашақ ұрпаққа қажетті мәліметтер керек боларын алғашқы сезгендердің бірі болды. Осындай мәліметтер жинап өңірдің жаңа тарихын дестелеуді өзіне мақсат етеді. Жұмыс істей жүріп ол газет-журналға жарияланған деректерді және осы өзгерістерді жасаушылардан, басқа көз көргендерден мәліметтер жинай бастайды. Тау-кен металлургия комбинатының басшыларыменен кездесе жүріп осы мәселенің қажеттігіне сендірудің нәтижесінде Жезқазған тау-кен металлургия комбинатында тарихи-өндірістік музей ашылды. Өзі құрған музейдің алғашқы басшысы болып тағайындалды және оны көп жылдар басқарды. Қарсақбай кентіндегі Қ.И. Сәтбаев тұрған үйден музей ашқан да осы ағамыз болатын. Ұлытау-Жезқазған аймағына келген ақын-жазушылар, тарихшылар мен археологтар Сүтекеңе соқпай кетпейтін. Қазақтың марғасқа жазушылары Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Жекен Жұмаханов, Сырбай Мәуленов, Ақселеу Сейдімбековтермен жиі кездесіп, олармен хат жазысып тұратын. Мәскеу қаласының жанындағы «Жұлдызды қалаға» бірнеше мәрте барып одан көптеген жәдігерлер әкелгенін және Жезқазған қаласынан космонавтар музейін ұйымдастырғанында жерлестеріміз жақсы біледі. Жезқазған облыстық тарихи-археологиялық музейдің бірінші директоры болған да осы Сүтемген ағамыз болатын.

Осындай істердің басы-қасында болған Сүтемген Әбубәкірұлының туғанына биыл 100 жыл толады. Саналы өмірін азаматтық-патриоттық міндеттерін атқаруға түгелдей арнаған, жаңарған өңірдің жаңа тарихын алғашқы дестелеуші ардақты ағамызға ырзашылығымыз мол. Сүтекеңнің өмір жолы – жастарымызға ұлағаттық үлгі берер жол. Қала еңбек және соғыс ардагерлерінің, облыс және қала басшыларынан қаламыздағы тарихи музейіне Сүтемген Бүкіровтың атын беруге сұраған тілектері орындалмай отыр. Қадірлі ағамыздың 100 жыл толуына сәйкес осы тілек орындалса, атақты жерлесіміздің алдындағы ұрпақтар міндеті орындалған болар еді.

**Сұлтан СҮТБАЕВ,**
**Қазақстан Республикасының**
**Құрметті геологі**

ИМАН

# ДІНІ МЫҚТЫ ЕЛДІҢ ДІҢГЕГІ МЫҚТЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Бір күнің бір күніңе ұқсамайтын мына жаһанданған заманда болып жатқан өзгерістердің бәрін бірдей қабылдай бермей, қалың орман ішінде адаспайтын жол, сенімді бағыт-бағдарың болмаса, барар жеріңе жету-жетпеуің екі талай. Ол бағытың әріден ата бабаларымыз ұстанып бізге аманат етіп қалдырған дініміз, салт-дәстүріміз, өзімізге тән әдеп-ғұрпымыз бар. Ұлттың негізі – дін, діл, тіл. Бұл үш ұғым – қоғамныңда басты тірегі.

Бұл ұйқасымды үш сөзің,
Сенің болар бас-көзің.
Ұстанбасаң үшеуін,
Кетерсің шашылып тоз-тозың.

Әріден ата-бабаларымыз аңсаған Тәуелсіз егеменді елге қолымыз жетіп, Қазақстан Республикасының Ата Заңы қабылданып, дінімізге салт-дәстүр әдеп – ғұрыптарымызға бостандық беріліп, демократияға алғашқы қадам бастық. Қазір бұларға шеттеуде, шектеу де қойылып жатқан жоқ. Қайта адамгершілікке, имандылыққа шақырылып, мұсылман мемлекетінің біріне айналдық. Көп жерлерде мешіттер мен медреселер ашылып, іші жамағатқа толуда. Мұның ішінде, әсіресе, жастар жағының дінге деген бетбұрысы жылданжылға көбеюде. Бұл – құптарлық жағдай.

Ал, осыны жазып отырған мен бұл саланың оқыған маманы емеспін. Өздеріңіз сияқты көпшілік жамағаттың бірімін. Өзімнің шама-шарқыма қарай ата дінімізді ұстанып жүрген мұсылманның бірімін. Кімде-кім, осы елдің азаматы болған соң, әркімнің дін туралы түсінігі болу керек дер едім. Кім не айтса, соған еріп кетпей, өз дініңді қолдау мен қатар қорғау да – міндет. Бұл қазірде де, келешекте де мына жаһанданған заманда, әсіресе келешек ұрпаққа діни танымы аса қажетті дүние болмақ. Қазіргі болып жатқан өзгерістерде, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенінің аражігін ажырата білу, дұрысын алып санаға сіңіру маңызды. Олай болмаған жағдайда кім-көрінгеннің жетегінде кетуің бек мүмкін. Көп жастарымыздың мешітке барғанымен де дін туралы сауаттары аз, қауға сақалдылармен, балақ кескендерге кездесіп қалып жүргені де содан.

Бұл мақаланың жазылудағы мақсаты да осы болмақ. Мұның бастауына 2010 жылы «Дәуір» баспасынан шыққан «Дін мен діл» деген кітабына жүгінсек. Кітаптың авторы – Қайрат Жолдыбайұлы, бірнеше жылдар бойы, араб, мысыр елдерінің медреселерінен білім алған исламтанушы.

Қазақсан мұсылмандар діни басқармасының белді қызметкері. Астанадағы үлкен мешіттерде дәріс беріп, ұстаздық етеді. Араб тілін жетік меңгерген тұлғалы азаматымыз. «Ислам діні – соңғы дін. Мұхаммед пайғамбар (с.а.у) – ақырғы елшісі. Алла Тағала Құранда өзінің нұрын беруге уәде еткен. Ғасырлар қойнауында ислам дінінің басынан қаншама нәубет өтсе-дағы, әлі күге дейін өзінің пәктігімен ерекшелігін жоғалтқан емес», – деп бастайды автор.

Ислам дінін ұстанып, онымен амал еткендерді мұсылмандар дейді. Негізгі бағытымыз ұстанымыз оқулығымыз – Құран кәрім. Жолымыз – Әбу Ханифа мәзһабі, хадистер мен сүннеттері, мәтуруди ақидасы, әһлі сүннеті. Бұлар дінімізбен Құран кәрімнің басты тіректері. Егер бұл жолмен жүрмесек, онда жалпы қоғамда анархия, бей-беректтік орын алады.

Әр адам дінімізді шала түсініп, әрқайсысы өз беттерінше жорамалдай бастайды. Олар белгілі бір қағиданы, ережені ұстанбағандықтан өздері де адасады, өзгені де шатастырады. Мұндай жағдайда қоғамда төрт мәзһап емес, сансыз қате талай «мәзһабтар» дүниеге келер еді. Дін ғылымы өте нәзік, өте күрделі делінеді кітапта. Осылайша дінімізге аз-кем, қысқаша жауап бердік. Ал, хаһім Абай болса «Алланың өзі де рас, сөзіде рас» дейді. Біз оны сол күймен қабылдап, амал етуіміз керек. Бұл теледидардан айтылыпта жүр. Мына «Дидар» арнасындағы, өлім-жетімге берілетін хабарландыруларда әуелі Абай сөзі, одан кейін барып Фатиха сүресі оқылады. Бұл біз үшін мол қазына – байлық болмақ.

Енді діл дегенмізге келер болсақ Дін, діл, тіл – бұл үш ұйқасты сөз, үш ұғым мемлекетіміздің негізгі тірегі.

Діл дегеніміз – сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың ұстанып келе жатқан салт-дәстүрімізбен әдеп-ғұрыпымыз. Ұлттық сана, ұлттық идеология, әріден қанымызбен бірге келе жатқан генафонымыз, қазақтың қазақи болмысы және ұлттық кодымыз.

Қазіргі кезде шетелден білім алған кейбір жастарымыз әлі толық діни сауаты жетіле қоймаған халқымызға өздері оқыған елдің мәзһабын үйретуге көшті. Ол елдің жер ерекшелі мен сал-дәстүрлері, тарихының өзгешілігіне назар аудармай, өзіміздің әдеп-ғұрпымызға «бидғат» деп қарсы шыға бастады. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» дегеннің өзін «харам» деп, басқа да салт-дәстүрімізге шүйлігуде. Басқа діни ағымдағылар «Батадан кейін бет сипауға болмайды, ол бидғат», «Келіннің сәлем салуы – ширк», «музыка тыңдау – күнә», «жылқының еті – харам», «Моланың басына құран оқуға болмайды, Құран өлі адамдарға емес тірі адамдарға түскен» т.б. бір жақты өздерінің түсініктерімен жерден жеті қоян тапқандай дүрлігіп шыға келді. Бұл көп. Мұның бәріне кітапта Қайрат ініміз діни, ғылыми түрде басқа аяттар мен хадистер түсіріп, әдеп-ғұрпы, салт-дәстүрімізді олардан қорғап бұрынғы қалпынша айналымға шығарды.

Оған мысал, ұстаздың жазғаны: «Бірде маған араб елдерінің бірінде оқып жүрген жас жігіт келген еді. Қарасам шалбарының балағын шортитып кесіп тастапты. Мен оған- інім, бұл – араб елі емес, Қазақстан. Сенің мынау жүрісіңе діни түсінігі шамалылар еліктеуі мүмкін. Сенің көргенің ол елдің тұрғындары, күні ыстық болғасын аяғына тәбішке, үстіне ұзын ақ көйлек, бұтына қысқа штан (изар) киіп, су тапшы болғасын құммен дәрет алып тәйәммум жасап намаздарын оқи береді. Ал бізде олай емес деп Ибн Тәймияның пәтуасын оқып бергенімде, ол жігіт «мен оны білмеп едім» деп қателігін түсініп еді. Осылайша балаққа жармасқандар кері шегініп, шалбарымыздың балағы кесілмей аман қалды.

Басқа діни ағымдағы уахабистер мен салафиттер, мұндай ұсақ-түйекпен шектелмей, қазақтың ата-кәсібі, ата-дәстүрі Қамбар ата мен ықылым заманнан бірге өсіп келе жатқан оның еті мен сүтін харамға шығарды. Мұны да өздерінше жаңалық ашқандай, ескіні қопсытып, ел арасына тарата бастады. Оған еліміздің мұсылмандар діни басқармасының жанынан құрылған «Халал», «Пәтуа комитеті», өз қорытындыларын жасап оның еті мен сүтінің халал екенің дәлелдеп, мұны да анархия деген. Ертеден қазақ халқы жылқыны – мінсең көлік, жесең тамақ, ішсең сусын, еті мен сүті ауырған сырқат адамдарға ем деп өз пәтуаларын берген. Бұл жағдайда жерлесіміз, Ұлытауда туып өскен медицина ғылымының докторы, профессор, тағамтанушы Төрегелді Шарманов ағамыз, жылқының еті мен сүті ем, адам ағзасына пайдасы өте зор деп құрамдарын ғылыми медициналық сараптамалардан өткізіп дәлелдеп өзімізден шыққан ғалым.

Кеше осы «COVID» індетімен ауырғанымда осы ағамыздың ілімінің арқасында аман қалдым. Мен осы мақала арқылы «егер ауыра қалсандар, өзіңнің қаныңа сіңген ұлттық тағам түрлерін ішіп-жеп емделіңдер. Оның ішінде табиғи отқа қайнап піскен болса, оның пайдасы одан да жоғары болмақ» демекпін.

Одан кейінгі басты тақырыптардың бірі музыка саласы бойынша, домбыраны «харам» десе, ал музыка тыңдауды



«күнә» дейді. Пайғамбарымыздың (с.а.у) ән, музыкаға рұқсат ететін де тыйым салатын көптеген хадистері бар. Оның пайдасы адал, ал зияндысы «харам» деп пәтуа берген. Бұл тұста дүние жүзіне екінші Аристотель деп танылған ғұлама әл-Фараби мен өзімізден Абайдан артық кім бар. Абай – өзі ақын, өзі сазгер, өзі философ, өзі сыншы. Бұрынғы ғұламалар: «Әсем саз – ол қажетті нәрсе емес пе? Мұнда аспанның сыры, құстардың әлемнің үні бар» дей келіп, «мұның жолына бір жақты кетіп қалып жүрме», – деп ескерту жасаған. Ал Әл-Фараби өз трактатын жазып қалдырған. Оған Абай «әннің де естісі бар, есері бар, тыңдаушының құлағын кесері бар» деген. «Есер» деп тұрғаны – өзінікі емес, басқа жат музыкалар.

Мысалға қазіргі шетел рок музыкалары, адамның делебесін қоздырып, есінен айыратын жастардың дискотекада ойнайтын шетелдің музыкаларын, солардың билерін айтқан.

Осы сияқты Гитлер, музыканы да өз саясатына қарай пайдалануды көздеген. «Басып алған жерлердегі халықтың санасын өзгерткіңіз келсе, мәнсіз-мағынасыз музыканы зорайғышпен күндіз-түні құлағына құя беріңіз. Ол сонда саналы ойдан қалып, санасыз тобырға айналады» – деген екен.

Ал дана Абай болса:
Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңіліне түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй –деген емес пе?!

Қазақ ұлтындағы өнердің бірі – домбыра мен сүйемелдейтін ақындар айтысы. Өткен жылы еліміздің Тәуелсіздік күніне арналған ақындар айтысы болды. Сондай-ақ Абайдың 175 жылдығына орай: «Абай – Тәуелсіздігіміздің тұғыры» тақырыбында «Алтын домбыра» сайысы өтті. Сол сайыстан финалға шыққан екі ақынның бірі Сыр бойынан келген Мұхтар Ниязов, қарсыласы семейлік Серік Қуанған. Екеуі де – дүлдүл ақындар. Айтыс барысында Мұхтар, Абай елінен келген Серікке: «Абайды бәрімізде жырлаймыз бірақ өзіңнің ақидаң бар ма?», – деді. Серік оған тосылып жауап қайыра алмады. Ал Мұхтар болса Абайдың ұстанған мәтуруди ақидасын жырға қосып дінімізден толықтай хабары бар екенін білдірді. Сонымен «Алтын домбыраны» үшінші мәрте жеңіп алды.

Сөз сонында, әріден ата-бабаларымыздан қалыптасып келе жатқан әдеп-ғұрпымыз ол – бата беру рәсімі. Бұл да – өнер алды, өлең сөзбен құрастырылған адам жүрегіне жылу сыйлайтын философиялық ой-өрнектері һәм рухани жан азығы. Қазақ атам «Жақсы сөз жарым ырыс» дегендей кешегі үлкендердің берген батасын ұсынып отырмын.

Жоғарыда айтылып жазылғандардың бәрі, бүгінгі коронавирус індетіне қарсы, рухани жаназығыңды толтырып иммунитет сыйлайды.

Оқыңдар, жаттаңдар, көңілге тоқыңдар, сақтаныңдар. Салауатты өмір салтын ұстаныңдар. Қазақ қашаннан мықты, ауырып-сырқамаңдар. Көңіл-күйлеріңді түсірмеңдер! Рухани жан азықтарың ортаймасын, ағайын!

**Қадыр ҚҰЛАХМЕТ,**
**еңбек ардагері**
*Жезді кенті*

## *Аталардың ақ тілегі*

*Дәмге, дастарханға беретін бата*

**Бірінші түрі**
*Бақ берсін*
*Қыдыр дарысын,*
*Дастарханға береке беріп*
*Отбастарың аман болсын.*
*Ас көп болсын*
*Уайым-қайғы жоқ болсын.*
*Әмин!*

**Екінші түрі**
*Береке берсін асыңа.*
*Бас қосылсын басыңа,*
*Жас қосылсын жасыңа*
*Бар екен деп тасыма.*
*Жоқ екен деп жасыма*
*Төріңен кісі кетпесін.*
*Қазаның оттан түспесін,*
*Жолдастарың көп болсын.*
*Дұшпандарың жоқ болсын,*
*Бала-шағаң шуылдап*
*Үйіңде той көп болсын.*
*Әмин!*

**Үшінші түрі.**
*Е, Аллам беріп ондасын*
*Пайғамбарым қолдасын.*
*Періштелер болсын*
*жолдасың.*
*Жаманшылық болмасын,*
*Жақсылық кеп орнасын.*
*Ырыздық несібең мол болсын,*
*Балаларың жиылып,*
*Құрыш білек қол болсын!*
*Қайда барсаң*
*Жарқыраған жол болсын.*
*Не тілеуің алдыңда,*
*Басқан қадамың оң болсын*
*Әмин!*

**Төртінші түрі:**
*Е, құдайым жазда бер,*
*Жазда берсең, жазбай бер.*
*Қыстай бер,*
*Қыста берсең қыспай бер*
*Күздей бер,*
*Күзде берсең, үзбей бер*
*Көктей бер,*
*Көктей берсең, көптей бер*
*Осы бергем батаммен*
*Өсіп-өніп көктей бер!*
*Әмин!*

**Жеке адамдарға беретін бата**
*Алла тағала ғұмырыңды*
*ұзағынан берсін,*
*Ғұмырыңда жағың түспей,*
*жамандық көрме.*
*Ғұмырың ғұмырлы болсын.*

**Аналардан қалған сөз:**
*Ет қайнаса, сорпа болады,*
*Май қайнаса, торта қалады.*
*Бірін ішіп, бірін жаласаң,*
*Екеуі де ас болады.*
*Осындайы бар үйдің,*
*Жанұясы тоқ болады.*

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

***2021 жылғы 29 наурыз*** ***№ 3/32*** ***Жезқазған қаласы***

# САРЫКЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ЖЕРЛЕРІ БОЙЫНША 2021-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

***Нормативтік- құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2021 жылғы 7 сәуірінде нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне № 6279 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы** — **Д. МҰХАН**

**Жезқазған қалалық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы** — **В. СОТНИКОВ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының*
*2021жылғы 29 наурыздағы № 3/32 шешімімен бекітілген*

## Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

1. Осы Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі – жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірдегі №173 «Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15090 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі № 3-3/332 «Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау мақсатында қабылданады.

3. Жоспар құрамында:

1) Құқық белгілейтін құжаттар негізінде Сарыкеңгір ауылдық округі аумағында жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1-қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары белгіленген карта (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы (4-қосымша);

5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5-қосымша);

6) Сарыкеңгір ауылдық округі маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі (7-қосымша);

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтуға тиіс.

*Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021 -2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға*
*1-қосымша*

## Құқық белгілейтін құжаттар негізінде Сарыкеңгір ауылдық округі аумағында жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)




### САРЫКЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ АУМАҒЫНДАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ МЕНШІК ИЕЛЕРІ ТІЗІМІ

*№ 1-кесте*

| № | Жер учаскелерін жер пайдаланушылардың атауы | Жайылым алаңы, (гектар) | Түрлері бойын-ша малдың болуы, (бас) | | | Жайылымға қажеттілік норма-сы 1 бас, (гектар) | | | Жайылымдардың қажеттілігі, (гектар) | | | | Артық жайылымдар, (гектар) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Жиыны (гектар) | |
| 1 | Тулеубаев Дулат Манатович | 2450 | 49 | 111 | 30 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1102,5 | 499,5 | 810 | 2412 | 38 |
| 2 | Акимжанов Аскар Сауалханович | 3 300 | 34 | 0 | 97 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 765 | 0 | 2619 | 3384 | -84 |
| 3 | Нуржанов Болат | 4600 | 79 | 0 | 19 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1777,5 | 0 | 513 | 2290,5 | 2 310 |
| 4 | Оязбекова Ишанкул | 1 540 | 5 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 112,5 | 0 | 0 | 112,5 | 1 428 |
| 5 | Абилкасымов Мухаметжан | 7 002 | 24 | 36 | 18 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 540 | 162 | 486 | 1188 | 5 814 |
| 6 | Карабеков Жанторе | 1 935 | 13 | 5 | 15 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 292,5 | 22,5 | 405 | 720 | 1 215 |
| 7 | Абдразаков Берик Койшыгаринович Бейсембаев Оркен Рахметоллаевич | 1478 | 31 | 35 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 697,5 | 157,5 | 0 | 855 | 623 |
| 8 | Токбергенов Ықылас | 1000 | 2 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 45 | 0 | 0 | 45 | 955 |
| 9 | Тобагабулов Бакытжан | 1 300 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 300 |
| 10 | Темирбеков Нурбол Сансызбаевич | 900 | 52 | 250 | 35 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1170 | 1125 | 945 | 3240 | -2340 |
| 11 | Сейтказин Муханбеткали | 6 000 | 20 | 0 | 38 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 450 | 0 | 1026 | 1476 | 4 524 |
| 12 | Искакова Гулмира Серикбаевна | 990 | 0 | 0 | 3 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 81 | 81 | 909 |
| 13 | Муканов Сапарбек | 530 | 19 | 65 | 15 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 427,5 | 292,5 | 405 | 1125 | -595 |
| 14 | Байкенжин Курман | 380 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 380 |
| 15 | Тусупова Бактыгул | 380 | 54 | 197 | 32 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1215 | 886,5 | 864 | 2965,5 | -2586 |
| 16 | Асанов Куандык Даулетович | 800 | 27 | 0 | 22 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 607,5 | 0 | 594 | 1201,5 | -402 |
| 17 | Асанов Сейтжан | 3 000 | 58 | 367 | 48 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1305 | 1651,5 | 1296 | 4252,5 | -1253 |
| 18 | Баймагамбетов Кенес | 500 | 30 | 87 | 21 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 675 | 391,5 | 567 | 1633,5 | -1134 |
| 19 | Бекмагамбетов Рымбек | 675 | 9 | 14 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 202,5 | 63 | 0 | 265,5 | 410 |
| 20 | Мейрамов Елжас | 1 200 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 200 |
| 21 | Есназарова Алия Касымовна, Райс Дана Түлекбайқызы | 1 000 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 000 |
| 22 | Есназарова Алия Касымовна, Райс Дана Түлекбайқызы | 1 300 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 300 |
| 23 | Бексенов Балкан Турсынович | 2 436 | 6 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 135 | 0 | 0 | 135 | 2 301 |
| 24 | Алтаев Галымбек | 796 | 50 | 0 | 17 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1125 | 0 | 459 | 1584 | -788 |
| 25 | Алтаев Галымбек | 704 | | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 704 |
| 26 | Слямова Айнаш Танатаровна | 5 440 | 26 | 0 | 14 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 585 | 0 | 378 | 963 | 4 477 |
| 27 | Адилбеков Толеутай Мирзахметович | 2700 | 20 | 39 | 7 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 450 | 175,5 | 189 | 814,5 | 1 886 |
| 28 | Маханбетова Сара Алгариновна | 1 460 | 6 | 30 | 18 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 135 | 135 | 486 | 756 | 704 |
| 29 | Сагиндыкова Рапа | 1 426 | 8 | 28 | 5 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 180 | 126 | 135 | 441 | 985 |
| 30 | Абенова Таттибала Бекетаевна | 1654 | | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 654 |
| 31 | Сейтжанова Забира | 678 | 11 | 86 | 24 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 247,5 | 387 | 648 | 1282,5 | -605 |
| 32 | Бурабаева Улмес | 364 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 364 |
| 33 | Наурызбаев Серик Ергалиевич | 1230 | 11 | | 23 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 247,5 | 0 | 621 | 868,5 | 362 |
| 34 | Татамбаев Мырзатай | 3 000 | 15 | 204 | 41 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 337,5 | 918 | 1107 | 2362,5 | 638 |
| 35 | Жамауов Мурат Салкенович | 3700 | 36 | 52 | 23 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 810 | 234 | 621 | 1665 | 2 035 |
| 36 | Садуакасов Амирхан Курдебаевич | 1 420 | 5 | 20 | 9 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 112,5 | 90 | 243 | 445,5 | 975 |
| 37 | Кулжанов Нысанбай Танатарович | 4640 | 112 | 600 | 159 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 2520 | 2700 | 4293 | 9513 | -4873 |
| 38 | Кулжанов Дуйсебек Танатарович | 2 600 | 62 | 80 | 29 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1395 | 360 | 783 | 2538 | 62 |
| 39 | Аханов Музараф Аханович, Аханов Жомарт Музарафович | 2750 | 0 | 0 | 156 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 4212 | 4212 | -1 462 |
| 40 | Ибраимов Бутавбай | 1 100 | | | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 100 |
| 41 | Мухамбетжанов Аскар | 1 546 | 62 | 595 | 55 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1395 | 2677,5 | 1485 | 5557,5 | -4 012 |
| 42 | Мейрамов Ершат Ашмуханович | 1 000 | 51 | 135 | 27 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1147,5 | 607,5 | 729 | 2484 | -1 484 |
| 43 | Айдарханов Муканбет | 1 100 | 39 | 61 | 9 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 877,5 | 274,5 | 243 | 1395 | -295 |
| 44 | Ибраева Шайза | 2 300 | 3 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 67,5 | 0 | 0 | 67,5 | 2 233 |
| 45 | Копеев Марат Жаркинович, Алембаева Раушан Жаркиновна | 2 700 | 49 | 355 | 65 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1102,5 | 1597,5 | 1755 | 4455 | -1 755 |
| 46 | Копеев Марат Жаркинович | 1 556 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 556 |
| 47 | Бакиров Даурен Самарханович | 1 800 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 800 |
| 48 | Аханов Музараф Аханович, Кунтуган Даулетбаев | 2 700 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 700 |
| 49 | Аханов Музараф Аханович | 2 700 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 700 |
| 50 | Оразалин Адилхан | 1 500 | 62 | 19 | 51 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1395 | 85,5 | 1377 | 2857,5 | -1 358 |
| 51 | Яхин Михаил Мухамедович, Яхина Галина Николаевна | 4500 | 22 | | 25 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 495 | 0 | 675 | 1170 | 3 330 |
| 52 | Асанов Айтжан | 1 289 | 3 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 67,5 | 0 | 0 | 67,5 | 1 222 |
| 53 | Аубакиров Ержан Домалакович | 2567 | 49 | 86 | 34 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1102,5 | 387 | 918 | 2407,5 | 160 |
| 54 | Аяш Мырзахмет | 1 800 | 16 | 0 | 44 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 360 | 0 | 1188 | 1548 | 252 |
| 55 | Катжанов Балтабек | 4 850 | 48 | 184 | 197 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1080 | 828 | 5319 | 7227 | -2 377 |
| 56 | Нуржанов Абдырзак Абдешович | 1 700 | 10 | 0 | 3 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 225 | 0 | 81 | 306 | 1 394 |
| 57 | Сатыбалдинова Алтынкул | 1 000 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 000 |
| 58 | Нысанбаев Мурат Абдуалиевич | 350 | 26 | 84 | 53 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 585 | 378 | 1431 | 2394 | -2 044 |
| 59 | Нурмуханбет Мухиевич Аляпаров | 4 950 | 3 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 67,5 | 0 | 0 | 67,5 | 4 883 |
| 60 | Дюсембеков Руслан Советович | 10 890 | 154 | 279 | 57 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 3465 | 1255,5 | 1539 | 6259,5 | 4 631 |
| 61 | Джакупов Бауржан Еркимбаевич | 660 | 0 | 236 | 520 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 1062 | 14040 | 15102 | -14442 |
| 62 | Нуржанов Сламбек Советович | 500 | 0 | 149 | 14 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 670,5 | 378 | 1048,5 | -549 |
| 63 | Алпысбаев Канат Жиенбаевич | 1 800 | 42 | 226 | 35 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 945 | 1017 | 945 | 2907 | -1107 |
| 64 | Игенов Асхат Сагиммусаевич | 685 | 6 | 23 | 3 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 135 | 103,5 | 81 | 319,5 | 366 |
| 65 | Есмаганбетов Акылбек Рахымжанович | 1 514 | 11 | 17 | 10 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 247,5 | 76,5 | 270 | 594 | 920 |
| 66 | Омаров Сабыр | 730 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 730 |
| 67 | Токбергенов Еркинбай | 1 052 | 17 | 29 | 14 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 382,5 | 130,5 | 378 | 891 | 161 |
| 68 | Азамат Хамитович Кожабаев | 3 900 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 3 900 |
| 69 | Отыншиев Ибрагим | 1 100 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 100 |
| 70 | Утарова Айгул Урнбасаровна | 5441 | 48 | 146 | 19 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 1080 | 657 | 513 | 2250 | 3 191 |
| 71 | Абилкасимов Бакыт Рахимбекович | 6 075 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 6 075 |
| 72 | Даулетбаев Жансейт Кунтуганович | 2795 | 0 | 40 | 78 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 180 | 2106 | 2286 | 509 |
| 73 | Сагимбаев Ербол Марленович | 5000 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 5 000 |
| 74 | Сыздыманов Ерболат | 3720 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 3 720 |
| 75 | Байгаринов Болат Бактыгельдинович | 3402 | 6 | 0 | 13 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 135 | 0 | 351 | 486 | 2 916 |
| 76 | Лабахов Шахай Алимович | 23 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 23 |
| 77 | Сатыбалдиев Серик Сатыбалдиевич | 700 | 13 | 0 | 1 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 292,5 | 0 | 27 | 319,5 | 381 |
| 78 | Аянбаева Турсынай Егизтаевна | 1 500 | 2 | 7 | | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 45 | 31,5 | 0 | 76,5 | 1 424 |
| 79 | Кульбаева Бибигуль Тулегеновна | 440 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 440 |
| 80 | Кульбаева Бибигуль Тулегеновна | 3 315 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 3 315 |
| 81 | Терликбаев Ерлан Советович, Сейтжаппаров Жасулан Советович | 818 | 0 | 0 | 16 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 432 | 432 | 386 |
| 82 | Тәжі Досалы | 6 820 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 6 820 |
| 83 | Есназаров Бейбит Камариденович | 1 570 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 570 |
| 84 | Абдуалиев Дархан Толендиевич | 2 545 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 545 |
| 85 | Сейдахметов Каскырбай | 6 682 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 6 682 |
| 86 | Жанабергенов Бауыржан Сабитович | 1 479 | 0 | 0 | 15 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 405 | 405 | 1 074 |
| 87 | Алданазаров Мухаметжан Турсунович | 4 021 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 4 021 |
| 88 | Нурмаганбетов Нурлыбек Советович | 923 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 923 |
| 89 | Жапенов Даурен Сайрамбаевич | 1 620 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 620 |
| 90 | Айранбаев Кахарман Нурмуханбетович | 1 937 | 21 | 0 | 35 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 472,5 | 0 | 945 | 1417,5 | 520 |
| 91 | Ранов Нурхан Набиевич | 2 273 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 273 |
| 92 | Сауқымов Ерден Болатбекович | 1 991 | 0 | 0 | 0 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1 991 |
| | **Қорытынды** | 214 847 | 1637 | 4977 | 2311 | 22,5 | 4,5 | 27,0 | 36832,5 | 22396,5 | 62397 | 121626 | 88 561 |

***(Жалғасы келесі нөмірде)***

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2021 жылғы 29 наурыз* *№ 3/33* *Жезқазған қаласы*

# ТАЛАП АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ЖЕРЛЕРІ БОЙЫНША 2021-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

***Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2021 жылғы 7 сәуірінде нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6282 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған Талап ауылдық округі жерлері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы** **Д. МҰХАН**
**Жезқазған қалалық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы** **В. СОТНИКОВ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының*
*2021 жылғы 29 наурыздағы № 3/33 шешімімен бекітілген*

## Талап ауылдық округі жерлері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

1. Осы Талап ауылдық округ жерлері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі – жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірдегі №173 «Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі № 3-3/332 «Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау мақсатында қабылданады.

3. Жоспар құрамында:

1) Құқық белгілейтін құжаттар негізінде Талап ауылдық округі аумағында жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1-қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары белгіленген карта (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы (4-қосымша);

5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5-қосымша);

6) Талап ауылдық округі маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі (7-қосымша);

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтуға тиіс

*Талап ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға*
*1-қосымша*

### Құқық белгілейтін құжаттар негізінде Талап ауылдық округі аумағында жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)




### ТАЛАП АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ АУМАҒЫНДАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ МЕНШІК ИЕЛЕРІ ТІЗІМІ

*№ 1-кесте*

| № | Жер учаскелерін пайдаланушылардың атауы | Жайылым алаңы, (гектар) | Түрлері бойынша малдың болуы, (бас) | | | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (гектар) | | | Жайылымдардың қажеттілігі, (гектар) | | | | Артық жайылымдар (гектар) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Жиыны (гектар) | |
| 1 | Удербаев Алмаз Сейтказыевич | 1000,0 | 0 | 0 | 0 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 1000,0 |
| 2 | Бейсенов Елжас Карабаевич | 105,0 | 0 | 122 | 5 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 0 | 329,4 | 81 | 410,4 | 0 |
| 3 | Жумабаева Торгын Абдулаевна | 50,0 | 0 | 0 | 0 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 50,0 |
| 4 | Кравчук Анотолий Николаевич | 400,0 | 0 | 0 | 0 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 400,0 |
| 5 | Кожахметов Нуржан Кожабаевич | 520,0 | 0 | 0 | 12 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 0 | 0 | 194,4 | 194,4 | 520,0 |
| 6 | Алекперзаде Видади Мамед оглы | 150,0 | 0 | 0 | 0 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 0 | 0 | 0 | 0 | 150,0 |
| | **Қорытынды** | **2 225,0** | **0** | **122** | **17** | **13,5** | **2,7** | **16,2** | **0** | **329,4** | **275,4** | **604,8** | **1925,6** |

### ТАЛАП АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША ЕЛДІ-МЕКЕНДЕР БӨЛІНІСІНДЕ ІРІ ҚАРА МАЛ АНАЛЫҚ (САУЫН) МАЛ БАСЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ БӨЛУ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР

*№ 2-кесте*

| № | Елді мекен | Жайылым алаңы, (гектар) | Сауын сиырлардың болуы (бас) | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (гектар) | Жайылымдардың қажеттілігі, (гектар) | Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген (гектар) | Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, % | Артықшылық, (гектар) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Талап ауылы | 11 610,0 | 234 | 13,5 | 3 159,0 | - | 100 | 8 451,0 |
| | **Барлығы** | **11 610,0** | **234** | **13,5** | **3 159,0** | **-** | **100** | **8 451,0** |

### Талап ауылдық округі бойынша жер учаскелерінің меншік иелері бөлігінде ауыл шаруашылығы малдарының басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу жөніндегі мәліметтер

*№ 3-кесте*

| | Елді мекен | Малдың болуы түрлері бойынша (бас) | | | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (гектар) | | | Жайылымдардың қажеттілігі, (гектар) | | | | Жайылымдарды бөлу | Қажеттіліктің қамтамасызетілуі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Мүйізді ірі қара мал | Мүйізді ұсақ қара мал | Жылқы | Қорытынды (гектар) | | |
| 1 | Талап ауылдық округі | 1184 | 5025 | 1689 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 15984 | 13567,5 | 27361,8 | 56913,3 | Удербаев Алмаз Сейтказыевич – 1,0 га Бейсенов Елжас Карабаевич – 105,0 га Жумабаева Торгын Абдулаевна – 50,0 га Кравчук Анотолий Николаевич – 400,0 га Кожахметов Нуржан Кожабаевич – 520 га Алекперзаде Видади Мамед оглы –150,0 га | 68 |
| 2 | Талап ауылы | 648 | 1499 | 521 | 13,5 | 2,7 | 16,2 | 8748 | 4047 | 8440 | 21235 | Барлығы ауданы 15 603,0 | |
| | **Барлығы** | **1832** | **6524** | **2210** | **13,5** | **2,7** | **16,2** | **24732** | **17614,5** | **35801,8** | **78148,3** | **2 225,0** | |

*Талап ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға*
*2-қосымша*

### Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары




### Талап ауылдық округі үшін қолайлы жайылым айналымдарының схемасы

*№ 4-кесте*

| Жылдар | Қоршау 1 | Қоршау 2 | Қоршау 3 | Қоршау 4 |
|---|---|---|---|---|
| 2021 | Көктемгі-жазғы маусым 1 | Жазғы маусым 2 | Күзгі маусым 3 | Демалушы қоршау |
| 2022 | Демалушы қоршау | Көктемгі-жазғы маусым 1 | Жазғы маусым 2 | Күзгі маусым 3 |

*Талап ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға*
*3-қосымша*

### Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары белгіленген карта




*Талап ауылдық округі жерлері бойынша*
*2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару*
*және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға*
*4-қосымша*

### Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру арналарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы

***Талап ауылдық округі***




*(Жалғасы келесі нөмірде)*

## ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ

***Жезқазған тарихи-археологиялық музейі Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетімен бірлесе «Тәуелсіздік құрдастары» атты жаңа жобасны қолға алды. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған жоба аясында Ұлытау-Жезқазған өңірінің дамуына, өркендеуіне өз үлесін қосып жүрген жастардың еңбектері насихатталып, дәріптеледі, өскелең ұрпаққа үлгі етіледі. Ендеше, жобаның алғашқы қатысушыларымен таныс бола отырыңыздар.***



Жезқазған қаласының № 10 орта мектебінің биология пәні мұғалімі – **Айдана Сағадатқызы ӘБДІҒОЖИНА**. Ол – «Интеллект» білім және ғылым орталығының Құрмет грамотасы мен Жезқазған қаласының білім бөлімінің Құрмет грамотасының иегері.



ҚР Қарулы Күштері Әуе шабуылына қарсы күрес әскерлері 44803-Д әскери бөлімінің әскери қызметшісі, ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалі, «44803 әскери бөліміне 25 жыл», «44803 әскери бөліміне 30 жыл», «Шифрлау қызметіне 100 жыл» мерекелік медальдарының иегері – **Нұртай Қарабатырұлы ҚАРАБАТЫРОВ.**



Жезқазған қалалық «Дидар» телерадио хабарларын тарату дирекциясы ЖШС-нің аға редакторы, облыстық және қалалық іс-шаралардың жүргізушісі, сценарист, «Алтын жүрек» медалінің, Жезқазған қаласы әкімі Алғыс хатының иегері – **Күнсұлу Даниярқызы ЖЕТПІСБАЕВА.**

**Материалды жинақтаған музейдің ғылыми қызметкері Ақнұр РАХМЕТОВА**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

***Құрметті Жұмабай Аманұлы СӘРСЕНОВ!***



Сізді туған күніңізбен және «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері атануыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір тілейміз. Отбасыңыз аман болып, немере-шөбере қызығын көру бұйырсын.

**Ізгі тілекпен құттықтаушы: Бейімбет – Жанна, Рахман – Сәуле, Айхан – Гүлжан, Бекзат – Ботакөз**

# QAZCOVID-IN – ЕҢ ҚАУІПСІЗ ВАКЦИНАЛАРДЫҢ БІРІ

***Қазақстан ғалымдары жеңісінің шарықтау шегі коронавирусқа қарсы вакцина болды десек артық болмас. Әлі де соңына дейін зерттелмеген вирусқа қарсы отандық вакцинаның тиімділігі 98 пайызды құрап отыр. Отандық вакцинаның 50 мың дозасы 25 сәуір «СҚ-Фармация» қоймаларына жеткізіледі. Вакцина әзірлеуші ғалымдардың бірі, профессор Леспек Құтымбетов ғылыми жолы мен қазақстандық вакцинаның артықшылығы туралы айтып берді.***

Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтының аса қауіпті инфекциялар зертханасының меңгерушісі Леспек Құтымбетов вирусология саласына қалай келгенін айтты.

– Мен мектеп бітірген соң Алматының зооветеринарлық институтында 1975-1980 жылдары білім алдым. Ол жерден мал дәрігері маманы болып шықтым. Оқу орнын тәмамдаған соң осы институтта жұмыс істеуге шақырту алдым. 1980 жылы зерттеу институтына келіп, вирусология мамандығы бойынша машықтандым. Одан кейін Алматыда, кейін Ресейдің Владимир қаласындағы вирусология институтында екі жыл істедім. Тәжірибе жинақтаған соң институтқа оралдым, – деді Құтымбетов.

Ғалым Түркістан облысы Шымкент қаласында дүниеге келген. Отбасылы, екі қызы мен бір ұлы бар.

– Балалардың барлығы есейген соң Алматыға кетті. Жарым да осы институтта вирусолог болып жұмыс істейді. Біз балаларымызға анда-санда барып тұратын едік. Қазір ондай мүмкіндік жоқ. Себебі жұмысты демалыссыз, кешкі тоғызға, түнгі үшке дейін қалып істейміз, – дейді Құтымбетов.

Сондай-ақ, ғалым қазіргі қазақстандық ғылымның деңгейіне қатысты өз пікірін білдірді.

– Жалпы Қазақстан ғылымына баға беру қиын. Қазір коронавирустың салдарынан мектеп пен университеттер онлайн форматта білім алып жатыр. Әрине, онлайн білім алу қиын. Сондықтан вакцинаны шығарып, оны пайдалану арқылы пандемиядан құтылып, дәстүрлі білім алуға тезірек көшеміз деген ойдамын, – деді маман.

Леспек Құтымбетов қазақстандық вакцина COVID-19 вирусынан әзірленгенін айтты.

– Вирусқа адъювант қосылды. Сондықтан оның иммуногендік қасиеті басқа вакциналарға қарағанда жоғары болады. Вирус химиялық жолмен өлтірілген, оны ағзаға салған кезде көбеймейді. Оның құрамындағы заттар иммунитетті көтереді. Біздің институт вирусология бағытында құрылған. Мен 40 жылдан бері осы салада жұмыс істеймін. Кез келген вируспен жұмыс істеу біздің қолымыздан келеді. Коронавирус пайда болған кезде жаңа вирус деп одан шошынған жоқпыз. Себебі коронавирусқа ұқсайтын вирустар малдарда да кездеседі. Оларға қарсы вацинаны әзірлеп жүрміз, – деді профессор.

Маман айтқандай, отандық вакцина зертханалық жануарларда сыналған соң, әзірлеуші ғалымдар өздері де салып алған.

– Бұл – біздің қауіпсіздігіміз. Себебі күнде сол вируспен жұмыс істедік. Ғалымдар ауырған жағдайда жұмыс тоқтап қалатын еді. Вакцина халыққа шығатындықтан, оның қауіпсіздігін тексеру үшін де өзімізге бірінші салдық. Вакцинаның құрамында қандай заттар бар екенін білген соң, қорықпай ектірдік, – деді Құтымбетов.

Ол атағандай, шетелде дайындалып жатқан вакциналарда генетикалық өзгерген вирустар бар.

– Бір вирустың құрамына екінші COVID-19 вирусының геномын салады. Оның нәтижесінде ол ГМО болып шыға келеді. Ал содан әзірленген вакцина дене жасушасына кіргенде не болады деген қауіптер бар. Ондай вакциналар өндіріске енді кіріп жатыр. Кең таралған жоқ. Оның қауіпсіздігі туралы ешкім айта алмайды, – деді ол.

Ғалым отандық вакцина Қытай әзірлеген вакцинаға ұқсас екенін айтты.

– Қытай әскері мен халқына қазір оны егіп жатыр. Ресейдің Чумаков институты да өлтірілген вирустан вакцина жасады. Біздің институтта 5 вакцина дайындайтын болсақ, оның бірі осы инактивті. Сосын ақуыздық вакцина, ол вирус сыртындағы ақуыз қабатын алу арқылы дайындалады. Ондай вакцина Ресейде де бар, – деді ол.

Құтымбетов ресейлік Sputnik-V векторлық вакцинасы сияқты екі вакцина әзірленіп жатқанын айтты.

– Оның бірі тұмауға байланысты болса, екіншісі оспалық дертке қарсы вакцина болмақ, – деді ол.

Ғалым отандық вакцина қауіпсіз екенін айтып, халықты екпеден қашпауға шақырды.

Вакциналардың ішіндегі ең қауіпсізі – өлтірілген вакцина. Қытай, Ресей болсын, біздікі болсын ең қауіпсіз вакцина болып табылады. Халыққа айтарым, вакцинадан қорқудың қажеті жоқ, – деді ол.

**Baq.kz**

## STOPFAKE

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ КӨЛІК СЫЙЛАЙМЫЗ ДЕП ФИШИНГТІК САЙТТАРҒА ТАРТУДА

***«What'sApp» мессенджерінде компанияның 100 жылдық мерейтойына орай өткізілетін автокөлік ұтысына қатысуға шақыру тарады. Бұл – фейк.***

Шын мәнінде, «Toyota» компаниясы қазіргі кезде Қазақстанда мұндай акция өткізіп жатқан жоқ. «Toyota»-ның Алматы мен Нұр-Сұлтандағы ресми дилері «Астана Моторс» компаниясы ұтыс туралы ақпаратты жоққа шығарды.

– Желіде «Toyota» брендінің 100 жылдығына орай сыйлықтар ойнатылатыны туралы жалған хабарламалар таралуда. Сіздерді алаяқтардың іс-әрекеттеріне берілмей тек ресми ақпаратқа ғана сенуге шақырамыз. Қандай да болмасын акциялар, жүлделер ұтысы және т.б. арнайы бағдарламалар туралы ақпарат www.toyotaastana.kz, www.toyota-almaty.kz; @toyotaastana.kz, @toyota_center_almaty ресми ресурстарында жарияланады. Хабарламалар мессенджерлер арқылы таратылмайды, – деп хабарлады компанияның PR-қызметі.

«Toyota» компаниясының негізі 1937 жылы 28 тамызда қаланған. Демек, бренд 100 жылдығын тек 2037 жылы ғана атап өтеді. Баршаңызды сақ болуға және ұйымдастырушылары белгісіз онлайн-ұтыстарға қатыспауға шақырамыз. Көп жағдайда алаяқтар желідегі белсенділік үшін қымбат сыйлықтар беруге уәде етеді, бірақ іс жүзінде олар жеке деректерді ұрлауға тырысады. Кибер алаяқтықтың мұндай схемасы фишинг деп аталады. Оны қалай тануға болатыны және алаяқтардың құрбаны болмаудың жолдары туралы бұған дейін жазған болатынбыз.

### ФЕЙК: «СИМПТОМСЫЗ ВИРУС ТАСЫМАЛДАУШЫЛАР БОЛМАЙДЫ»

***«Telegram» мессенджерінде қазақстандықтар вирусты симптомсыз тасымалдаушылар бомлайтыны туралы хабарлама таратуда. Пайдаланушылар мұны сүйектердің сынуымен салыстырады, ол симптомсыз болмайды, сондай-ақ, олардың пікірінше, «симптомсыз тасымалдаушы» термині адамдарды басқаруға және оларды ережелерді сақтауға көндіру үшін ғана ойлап тапқан. Бұл – жалған.***

«Симптомсыз тасымалдаушы» ұғымы COVID-19 пандемиясы басталмай тұрып пайда болған. Тарихтағы ең танымал симптомсыз тасымалдаушы Мэри Маллон немесе Тифоздық Мэри болды. Оның инфекцияның клиникалық сау тасымалдаушысы екендігі 1909 жылы белгілі болды. Аспаз болып жұмыс істеп жүргенде ол кемінде 53 адамға ауруын жұқтыған, олардың үшеуі қайтыс болды. Мэри Маллонның өзі ауру тасымалдаушы болып табылатынын мойындаудан бас тартты. Ол екі рет мәжбүрлі карантинге жабылды, ал екінші рет өмір бойына оқшауланды. Мэридің анасы жүкті болғанда іш сүзегімен ауырғаны белгілі, сондықтан Мэри Маллонның індетті жұқтырып тууы мүмкін. Медицинада мерез, туберкулез, Эпштейн вирусының және цитомегаловирустың симптомсыз ағымы сипатталған жағдайлар бар.

COVID-19 – да симптомсыз болуы мүмкін. Бұл ретте симптомсыз тасымалдаушылар деп белгілері мүлдем жоқ адамдарды айтады. Сонымен қатар, адам індетті жұқтырған, бірақ аурудың белгілері әлі білінбеген инфекция жұқтыру кезеңі симптомға дейінгі деп аталады. Сонымен қатар, симптомсыз тасымалдаушылар да, ауру белгілері әлі байқалмаған адамдар да инфекция тасымалдаушы болуы мүмкін.

Індетті симптомсыз тасымалдаушылардан жұқтырудың алғашқы жағдайларының бірі Сингапурда болған – вирус жұқтырған ерлі-зайыптылар өздерінің ауру екендіктерін білмей шіркеуге ғибадат етуге барған. Осылайша, симптомсыз инфекция тасымалдаушылардың тек COVID-19 контекстінде ғана емес, сонымен қатар басқа да аурулар кезінде де болатыны ғылыммен дәлелденген және мойындалған.

### ПОШТА ЖӘШІКТЕРІНДЕГІ УЛЫ ПАКЕТТЕР – КӨПЖЫЛДЫҚ ФЕЙК

***Қазақстандық әлеуметтік желілерде пошта жәшіктеріне улы заттар, дисктер мен түрік тілінде Құраннан үзінділер берілген пакеттер салынатыны туралы үрейлі хабар тарады. Бұл ақпарат интернетте көп жылдан бері тарап жатқан фейк болып шықты.***

Мұндай хабарламалардың авторлары, табылған пакеттерді ашуға болмайды, өйткені оның ішінде улы заттар бар деп ескертеді. Сондай-ақ, құрбан болғандар да бар екен. Осындай фотосуреттермен ұсынылған ақпараттар әлеуметтік желілерде 2016 жылдан бері тарап келеді. Бұл туралы 2016 жылдың қараша айында Мурманск интернет-порталдары, ал желтоқсанда – Архангельск БАҚ-тары жазған. Бұған дейін бұл фейкті Иркутск ІІМ мен Дағыстан полицейлері жоққа шығарған болатын. Осындай вирустық фотосурет 2017 жылы Германия тұрғындарының үрейін алған еді. Жақында бұл хабарды мессенджерлерде Самара тұрғындары да таратқан.

Қазақстанда да бұл фейк алғаш рет осыдан бес жыл бұрын шыққан, оны ҚР ІІМ жоққа шығарған болатын.

**Дереккөз: stopfake.kz**

# ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕК

***138 ауру түріне беріледі***

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

2021 жылы Қарағанды облысының емханалары 12,8 млрд теңгеге дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сатып алады. Тегін дәрі-дәрмектер тізіміне МӘМС пакетінен төленетін жаңа препараттар кірді. 2021 жылға арналған өтінім бойынша медициналық ұйымдар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіретін аурулар бойынша 10,1 млрд теңгеге дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды сатып алады, яғни бұл әлеуметтік маңызы бар және созылмалы аурулармен есепте тұрған пациенттерге арналған препараттар. Бір жыл ішінде бұл сома созылмалы немесе әлеуметтік маңызы бар аурулары бар жаңа пациенттердің анықталуына және скринингтік тексерулер нәтижелері бойынша оларды емханада динамикалық бақылауға алуына қарай ұлғайтылуы мүмкін. 2020 жылы облыстың медициналық ұйымдары 12,9 млрд теңгеге тегін дәрі-дәрмек алуға рецепт жазып берді. Қаражаттың көп бөлігі қант диабетімен ауыратын науқастарға арналған дәрілерге – 12,5% және онкологиялық ауруларға – 9% бағытталған. 2021 жылы медициналық ұйымдар МӘМС пакетіне кіретін аурулар бойынша ересек тұрғындарға 1,3 млрд теңгеге жуық дәрі-дәрмек сатып алады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 194%-ға артқан. МӘМС пакетіне кіретін аурулар бойынша 18 жасқа дейінгі балаларға арналған дәрі-дәрмектерге тағы 1,4 млрд теңге жұмсалады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 10 есе көп. Өткен жылдан бастап МӘМС пакетіне бұрын тегін дәрі-дәрмектер қарастырылмаған аурулар кірді. Қазір дәрі-дәрмектерді дюшеннің бұлшықет дистрофиясы, бас сүйек нервтерінің зақымдануы, Альцгеймер ауруы, аллергиялық ринит, глаукома, эндометриоз және басқа диагноздары бар сақтандырылған пациенттер ала алады. ТМККК және МӘМС пакеттері аясында барлығы 141 ауру түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қарастырылған.

Сонымен бірге, қордағы қаражат есебінен 2020 жылы Қарағанды облысының дәрігерлері 268 жоғары технологиялық ота жасады. Медициналық сақтандыру қоры осы қызметтерді төлеуге 615 млн теңгеден астам қаражат жұмсады. 2020 жылы Қарағанды облысының 195 мыңнан астам тұрғыны тәулік бойы стационарда емделді. Осы медициналық көмекті төлеуге Қор медициналық сақтандыру және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі қаражаты есебінен 33,4 млрд теңге бөлді. Оның ішінде жоспарлы түрде 12,4 млрд теңге сомасына 53,3 мың науқас емделді. 2020 жылдың 12 айында облыс дәрігерлері 268 жоғары технологиялық ота жасады. 197 операция жоспарлы түрде, 71-і шұғыл түрде өтті. 1384 пациентке кардиохирургиялық ота жасалды, 844 пациентке буындарды ауыстыру бойынша ота жасалды.

2020 жылы облыста әрбір екінші босану медициналық сақтандыру қаражатынан төленді: барлығы 2,2 млрд теңгеден астам сомаға 23 мыңға жуық босану қаржыландырылды.

МӘМС енгізілгеннен кейін амбулаториялық деңгейде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің де қолжетімділігі артты. Егер бұрын пациенттерге 45 ауру түрі бойынша препараттар қолжетімді болса, қазір 138 ауру түрі бойынша. МӘМС енгізілуімен медициналық оңалту да дамыды. 2020 жылы бұл бағытқа Қарағанды облысында 2 млрд теңгеден астам қаражат жұмсалды. Кардиология, кардиохирургия, неврология, нейрохирургия, травматология/ортопедия сияқты бейіндер бойынша 9,5 мыңнан астам пациент, оның ішінде балалар оңалтудан өтті.

**Жанар РАКИШЕВА,**
**Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру Қорының Қарағанды филиалының бас сарапшысы**




## ХАБАРЛАНДЫРУ

***Жезқазған қаласының мекемелері мен ұйымдары назарына!***

«Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ жұмыс берушілерді «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында «Алғашқы жұмыс орны» жобасына қатысуға шақырады.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмысқа орналастыру барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ұйымдастырылады, бұл ретте салық, әлеуметтік төлемдерін уақытылы жүргізетін және жалақысы бойынша қарыздары жоқ, бір жылдан астам жұмыс жасайтын жұмыс берушілер қатыса алады.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру алғаш рет жұмыс іздеп жүрген түлектер, жұмыс іздеп жүрген адамдар жиырма тоғыз жастан аспаған жастар үшін жүзеге асырылады.

Колледждер мен жоғары оқу орындары түлектері көп балалы және аз қамтылған отбасылар, еңбекке қабілетті мүгедектер алғашқы жұмыс орнына жұмысқа орналасуға басым құқығы бар.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмыс беруші Халықты жұмыспен қамту орталығымен жасалған шарт негізінде «Еңбек» бағдарламасына қатысушыны кемінде жиырма төрт ай тұрақты жұмысқа орналастырады, бұл ретте халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыстың бірінші жылындағы еңбекке ақы төлеуді субсидиялайды. Субсидия мөлшері айына жиырма айлық есептік көрсеткішті (58340 теңге) құрайды.




Жұмыс берушілерден «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмысқа орналастыруды ұйымдастыруға өтінімдер қабылдаймыз.

Толық ақпарат алу үшін **«Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, Ғарышкерлер бульвары 39А,** тел: **8(7102)414749** хабарласуға болады.

### МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕП-ИНТЕРНАТТАРҒА 5-СЫНЫПҚА ӨТІНІШТЕР ҚАБЫЛДАНУДА

2021 жылдың 1 наурызы мен 25 сәуірі аралығында дарынды балаларға арналған Жамбыл, Н.Нұрмақов атындағы, «Дарын», «Мұрагер», «Ақпараттық технологиялар» (Қарағанды қ.), «Зияткер» (Балқаш қ.), «Озат» ақпараттық технологиялар» (Теміртау қ.), «Өркен» (Жезқазған қ.) мамандандырылған мектеп-интернаттарына **5-сыныпқа** өтініштер қабылдануда. Онлайн тіркелу https://qabyldau.daryn.kz/ru сілтемесі арқылы жүргізіледі.

«Білім-инновация» лицей-интернатының **7-сыныбына** түсу үшін оқушылардың өтініштері қабылдау 2021 жылдың 1 наурызы мен 20 сәуірі аралығында жүзеге асырылады. Онлайн тіркелу www.bilemtihan.kz сілтемесі арқылы жүргізіледі.

**Байланыс телефоны: 8 (7212) 41-22-88**